

«Саяжан» балалар бақшасы
мемлекттік коммуналдық
қазналық кәсіпорнында
пед. кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

31.08.2017ж

Хаттама № 1

Қатысқандар:

1. Джумадиллава Гулжамал
2. Ораз Алмагүл Әбиболлақызы
3. Исламбекова Тәттіқыз Алмасханқызы
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна

Қаралатын мәселелер:

1. 2017-2018 оқу жылының жоспарын талқылып бекіту.

Сабақ кестесін бекіту

2. Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы бойынша талқылау)

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Ақбердиева сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп отырған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайтындығын айтты. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де еліміздің әл ауқаты үшін өмірлік маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланыста екендігі және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере айтты.

Жарыссөзге тәрбиеші А.Ораз тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы тексердің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп өздеренің ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған .Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ораз сөз алып жазғы сауықтыру кезеңінің өтілуі туралы сипаттама беріп өтті. Жазғы сауықтыру 1 маусымнан бастап 31- тамызға дейінгі мерзімді қамтыды. Осы мерзімде екі топ балалары да күн режиміне қоса ауа, күн, су ванналарын қабылдады. Ауа ваннасында көлеңкеде отырып ертегі оқу, күн ваннасында балалар жалаң аяқ, бастарында панамаларымен топырақта ойнату, су ваннасында осы екі процедурадан соң душ қабылдап бұл процедуралар толық қабылдады.

Жарыссөзге «Балауса» тобының тәрбиешісі Жадигерова Сауле шықты. Тәтті ұйқыдан соң сауықтыру шаралары да бір күн тұз қосылған сумен, екінші күні иод 3 тамшысы қосылған сумен ауыз шаюды бүлдіршіндер медбикенің қадағалаумен жүргізді. Бұл жағдайлардың денсаулығына едәуір әсер ететіндігі де байқалды. Жалпы жазғы сауықтыруды тәрбиеленушілердің арасында спорттық өткізілді. Жалпы жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізілді.

Бұл мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева өз ойын 25 тамызда өткізілген «Тамыз конференциясында» жаңалықтарды айтумен ортаға салды.

Сексия жұмыстарында 5 баяндама оқылып, 2 жұмыс мадақтамаға ұсынылды. Сондағы көрнекіліктер де ортаға салынып ой бөлісті.

Педагогтар пед.кеңесті қорытындылай келе алға қойған мақсаттарға жету жолында аянбай еңбек ету керектігі айтылды.

Қаулы етеді:

2. 2017-2018 оқу жылының жоспарын, сабақ кестесін 03 қыркүйекке дейін бекіту меңгеруші Н.Акбердиева жүктелсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы бойынша талқылау)

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

З.Мырзаева

№ 2 хаттамасы

10.12.2017 ж.

Жиналыс төрайымы: Н.Ақбердиева

Хатшы: З.Мырзаева

Қатысқан қызметкерлер саны: 6

Күн тәртібі:

1. **Баяндама :** «Балалардың тілдік қатынастарын дамыту технологиялары»
2. Баланың тілін дамыту арқылы танымдық іс – әрекетін арттыру
3. Ортаңғы топта қоршаған ортамен таныстыру іс – әрекетін ұйымдастырудың сапасы. Тақырыпты тексеру сараптамасы.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Ақбердиева сөз алып балалардың тілдік қатынастарын дамыту технологиясы жайлы айтып өтті. «Балабақшада мемлекеттік тілді меңгеруде қолданатын әдіс-тәсілдер мен технологиялар» Егеменді ел атанып, өз алдымызға дербес мемлекет болғаннан кейін жасөспірім буынға дұрыс тәрбие беру, олардың патриоттық сезімін ояту, елге қызмет етуге, мемлекеттің іргесін нығайтуға, тілдің дәрежесін көтеру біздің негізгі мақсатымыз. Сондықтан тіл тағдырына терең карап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудегі талап, міндеттер балабақшамызда жақсы іске асырылуда. Балабақшадағы балалардың (басқа ұлт өкілдері балаларының) қазақ тілін меңгеруге қойылатын мақсаты:

1. Басқа ұлт өкілдерінің балалардың қазақ тіліндегі сөздік қорын дамыту, қазақ тілінде сөйлесе білуге үйрету.
2. Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айтуға үйрету.
3. Диалог түрінде сөйлесу дағдыларын дамыту.
4. Сабақта өтілген сөздерді пайдаланып, сөйлемді дұрыс құрастыруға жаттықтыру, мазмұнын түсініп, айтуға үйрету.
5. Ұсынған ойын-тапсырмаларды дұрыс орындау, не істегені туралы айтып беруге үйрету.
6. Байланыстырып сөйлеуге, шығармашылыққа (өздігінен 4-5 сөйлемдік) әңгіме құрастыруға үйрету. Қысқа өлең, тақпақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштар жаттап айтуға үйрету.

6. Байланыстырып сөйлеуге, шығармашылыққа (өздігінен 4-5 сөйлемдік) әңгіме құрастыруға үйрету. Қысқа өлең, тақпақ, мақал-мәтел, жаңылтпаштар жаттап айтуға үйрету.
7. Балалардың ой-өрісін, дүние танымын кеңейту. Зейін, сезімін қабылдау әрекеттерін дамыту.
8. Қазақ тілінде сөйлесуге, тілді құрметтеуге, сүйіспеншілікке, достыққа, жолдастыққа тәрбиелеу.
9. Айналадан, табиғаттан, күнделікті өмірде көрген-білгенін қазақша айтуға үйрету.
10. Қазақ ертегілерін, әңгімелерді тыңдап түсінуге, мұғалімнің жетекші сұрағына сүйеніп әңгімелеуге үйрету.

Балабақшадағы бала қазақ тілін меңгеру барысында тілдік қатынастың аса маңызды түрі- ауызша сөйлеу. Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Сабақта әр түрлі технологияларды қолданады.

Сол технологияның бірі- ойын арқылы оқыту технологиясы. Оқу үрдістерінде ойын түрлерін балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес түрлендіріп, жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни оқу іс-ірекеттің кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдаланамын. Бала тек ойын ойнап қана қоймай, осы ойын арқылы білім алып, жан- жақты тұлға дамиды.

Кез келген халықтың ұлттық қазынасы- тіл болып табылады. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі- қазақ тілі. Тіл ұрпақ тәрбиесінің пәрменді құралы, рухани байлығы, баға жетпес құдіретті, қуатты қайнар бұлағы. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрі, сана сезімі, ойлау тәсілі, мінез-құлық белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру- баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Кішкентай бүлдіршіндерге балабақша қабырғасынан бастап тіл үйренудің маңызы зор. Әсіресе өзге ұлт өкілдерінің балаларын екінші тілге үйрету күрделі жұмыс. Қазақ тілінде сөйлеуде балалардың тілі тез даму үшін оны қосаршаған адамдар да осы тілде сөйлесіп араласуы қажет. Мектеп жасына дейінгі көрген-білгендерін карапайым түрде әңгімелейді немесе көмекші сұраққа бір сөзбен жауап береді. Сондықтан олардың қиялына қанат бітіріп, ойлау, таным, қабілеттерін жетілдіру. Шешендікке, тапқырлыққа баулу үшін ойын технологиясын пайдалану қажет.

Өзге ұлт балаларына қазақ тілін ұтымды, қызықты үйрету үшін ойын арқылы оқыту технологиясын қолданамын.

Мақсаты: Бүлдіршіндерге күнделікті тұрмысқа қажетті сөздерді меңгерте отырып, еркін сөйлеу дағдыларын ойын, тірек сызбалар арқылы қалыптастыру, сөйлеу мәнерін, сөйлеу тілдерін жетілдіру.

Мақсатқа сай бірнеше міндеттер қойылды:

Ойын арқылы сөздік қорды молайту;

Тірек сызбалар бойынша сөйлемдер құрастыра білу;

Сөздік қорды монолог, диалог арқылы нығайту;

Мемлекеттік тілде еркін сөйлей білу;

Ұлтымыздың салт-дәстүрлерінің элементтерін ұғындыру;

Мәдениет нышандарын қалыптастыру (амандасу, сәлемдесу)

Жорамалдау:

Егер ойын және үлестірмелі карточкалар арқылы әр балаға жеке тірек сызбалар жасап, сабақтарда жиі қолданса, осының барлығы балалардың қызметіне ойлау қабілеттерін белсендіреді, сөздік қорларын байытады, білімдерін тереңдетеді, балалардың қазақ тілін оқуға жоғары нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді, білімдерінің сапасы 85-90%

Күтілетін нәтиже:

Естияр топтарының балалары тірек сызбалардың көмегімен 7-8 сөзден құралатын сөйлемдерді, ал мектепке дейінгі топтар диалог, монологтарды еркін құрай алады:

Жаңа сөздер тез меңгере алады;

Мемлекеттік тілге деген қызығушылықтары арта түседі:

Әрбір сабақ қызықты өтеді;

Әрбір баланы жан-жақты тани аламын;

Бала өзіне тән тапсырмаларды орындай алады;

Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана жана сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді. Ойын мен көрнекілік-балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Солардың арқасында балалар белсенді жұмыс істеп, бір-біріне жардем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін және бір-бірін бағалайды, ал мұғалім тек бағыттаушы болады. Ойын мен көрнекіліктердің түрлері ар қилы. Ойын түрлері: дидактикалық ойындар, сюжеттік-рольдік ойындар, кимылы ойындар, драматизациялық ойындар. Көрнекіліктер де әр түрлі: тірек сызбалар, кима қағаздар, сюжеттік суреттер, пәндік суреттер, логикалық тапсырмалар, ойыншықтар. Өзге ұлт балаларына мемлекеттік тілді тірек сызбалар мен ойын арқылы байланыстыра отырып үйреткен жөн. Естіар тобында сөз тіркесі немесе екі-үш сөйлемнен құралатын тірек сызбалар болса, ересек тобында төрт, бес және алты сөзден құралатын сөйлемдер, ал даярлық тобында алты немесе одан да көп сөздерден құралатын сөйлемдер және әңгімелер, диалогтар.

Мысалы: «Қазақстан Республикасы» атты тақырыпты алатын болсақ, естіар тобына зат есім мен коса сын есімдерді, яғни сөз тіркестерін, шағын сөйлемдерді үйренеді. Қазақстан Республикасы-әдемі, кен, үлкен, жарық, таза. Ересек тобына сөз тіркесімен коса зат есім, сын есім, етістік сөйлемдерді мәңгереді. Қазақстан Республикасында рәміздер бар. Олар Ту, Елтаңба, Гимн. Қазақстан Республикасы бай мемлекет. Қазақстанда биік таулар, ну ормандар, үлкен қалалар, таза өзендер, әдемі ауылдар бар.

Даярлық тобына сөйлемдермен зат есім, сын есім, етістік коса шағын әңгіме, диалогтар құрады. Мен кен Қазақстан Республикасында тұрамын. Мен әдемі, таза Қазақстан Республикасын жақсы көрем-деген сөйлемдерді бұлдіршіндер тірек сызбалар арқылы құрастырады. Балаларға тірек сызбалар арқылы сөйлемдер құрастырты тіл байлықтарын дамыту орасан зор септігін тигізеді. Тірек сызба жана тақырыпты жөнл түсінуге, есте сақтап қалуға көмектеседі. Баланың ойы жылдам дамиды, сөздер жөнл есте сақталады, зеректігі тарбиеленеді, зейіні мен жұмыс жасау қабілеті жоғары деңгейде болады. Тірек сызбалар арқылы балалар жана тақырыпты тез және тиянақты түсініп алады. Қазақ тілі сабағы балалар үшін өте қызықты өтеді.

Мысалы: Мектепке даярлық тобында ТРИЗ элементтерін қолдана отырып «ағаштар» тақырыбына сабақ өткіздім. (практикалық түрінде сабақ)

Мақсаты: Ағаштардың белгілерін ажырата білу, білімдерін жүйелеу;

Салыстыру мен жалпылауды дамыту; айырықтау белгілерін анықтай білу дағдыларын қалыптастыру; логикалық ойлау қабілеті мен зейінін жетілдіру.

Қазақ тілі сабағында балалардың сөздік қорын дамыту үшін мынандай әдіс-тәсілдер қолданамын. Олар: Драматизация әдісі, байқау әдісі, түсіндіру әдісі, тест әдісі, әңгіме әдісі.

Драматизация әдісі: ертегіні сахналау арқылы үйрету. Баланың түсіну және тілін дамыту қабілетін арттыру. Әр бір рөл бала қабілетіне қарап бөлініп беріледі. Бұл әдіс арқылы баланың ойлау қабілеті дамиды.

Байқау әдісі: бұл әдіс балалардың қабілетін байқай отырып, тілге деген ынтасын, қызығушылығын арттырады.

Түсіну әдісі: дәлелдеу. Балаларға берілетін білімді түсіндіру, жаңа сөздердің мағынасымен таныстыру.

Тест әдісі. Бақылау жұмыстарының бір түрі. Алған білімдерінің деңгейін анықтауға тиімді тәсіл.

Әңгіме әдісі: Оқу материалын қаншалықты білетінін аңғаруға арналған сұрақ-жауап арқылы немесе пікірлесу шартымен жүзеге асырылады. Олар: сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, диалог, монолог.

Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, үлестірімелі карточкалармен көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығыады. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыр. Әр түрлі жаңа технологияларды өз тәжірибиемде қолданып жүрмін. Сонымен қатар қазақ тілін үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді тандаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын түрлері қойылады. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттерін, өмірге құштарлығын қалыптастыруға болады. Ойындардың түрлері:

1. Дидактикалық ойындар

2. Драматизациялық ойындар
3. Қозғалыс ойындар
4. Ұлттық ойындар
5. Логикалық ойындар
6. Рөлдік ойындар
7. Фонетикалық ойындар

8. Интеллектуалды ойындар

Қазақ тілін үйренуде рөлдік ойындардың пайдасы зор. Ойын-балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады. Рөлдік ойындарда барлық балаларға бірдей рөл тиеді де, бір-бірімен міндетті түрде қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеседі. Балалар белсене жұмыс істеп, бір-біріне жәрдем беріп, жұмыстарын мұқият тыңдап, өздерін жіне бір-бірін бағалайды, ал мұғалім тек бағыттаушы болады. Ойын балалардың тілге деген қызығушылығын арттыру қажет. Сонымен қоса, ең бастысы балалар өздеріне лайықты рөлді өзі тандап алған жөн. Сода ғана олардың ойыны да, тілі де нанымды және сенімді шығады. Рөлдік ойындарға топ болып қатысқан дұрыс.

Қазақ тілін сабақтарында драматизацияланған ойындар балаларға керекті сөздер мен сөйлемдерді меңгеруді, интонацияны дұрыс пайдалануды, мәнерлеп және көркемдеп оқытуды дамытуда көп әсерін тигізеді. Актерлер ретінде көбінесе басқа ұлттың балалары ойнаса, ал сарапшылар, кеңес берушілер ретінде қазақ балалары ойнайды.

Драматизацияланған ойындардың белгілі, айқын мақсаты болады.

1. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік қарым-қатынасқа түсу дағдыларын дамыту.
2. Балаларды сөйлеуге үйрету
3. Өмірде кез-келген оқиға туралы естігенін ұғуға және іс-әрекет жүзінде көрсете білуге үйрету.

Өзге ұлт балаларына мемлекеттік тілді көрнекіліктердің арқасында (тірек сызбалар арқылы) қызыға меңгеру, қазақ тілін қаншалықты бай тіл екеніне көздерін жеткізу. Балалар дара, жеке, жұппен, топпен, орталықтарда белсенділікпен жұмыс атқару көзделеді. Осындай қажырлы еңбектің нәтижесінде қазақ тілі сабақтарының білім сапасы соңғы жылдардың қорытындысы бойынша 85-90% құрайды. Қорытындалай келе, қазақ тілі- еліміздің мемлекеттік тілі. Тілді қастерлеу, йрену- әр Қазақстандықтың парызы. Менің парызым- бүлдіршін балаларға мемлекеттік тілді меңгерту. Себебі, өз білгенінді біреуге үйрету- үлкен ғанибет.

Екінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева сөз алып Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін дамыту. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына оқу қызметін меңгерту, ол танымдық белсенділікті дамытудың басты бағыты болып саналады.

Танымдық белсенділікті психологиялық -педагогикалық құбылыс ретінде анықтау, бұл мектепалды даярлық кезеңіндегі балалардың тұлғалық сапасының ерекшелігіне талдау жасауға, тәрбиелеу мен оқыту үрдісін қалыптастыру жағдайлары мен құралдарын қарастыруға мүмкіндік береді. Себебі меңгерілген білімнің сапасы мен беріктігіне тек балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеудің нәтижесі емес, сонымен қатар балалардың өзіндік танымдық іс - әрекетіне қатынасының қатысуымен тәуелді болып келеді.

Танымдық белсенділік баланың психологиялық-денелік дамуының алғы шарты мен нәтижесі болып табылады. Осыған байланысты балалардың жоғары психикалық үрдісін қабылдау, зейін, ойлау ерекшеліктері анықтайды.

Барлық психикалық танымдық үрдістердің ішінен ойлау жетекші үрдіс болып табылады. Барлық танымдық процестер үрдістердің қасиеттері мен қатар бір-бірімен сипатын анықтай отырып, олармен бірге және тығыз байланыста болуып бірізділікте жүреді. Демек оқыту үрдісінде ынталандыру- бұл ең алдымен бала ойлауын дамыту болып табылады.

Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау арқылы ғана заттардың, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларда бар себептерді табады, келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады. Сондықтан тәрбиеші баланың дұрыс ойлап үйренуіне көп күш жұмсауы керек. Өйткені дұрыс ойлау ұрпақтан ұрпаққа табиғи түрде беріледі, оның үстіне тәжірибе арқылы да қалыптасады.

Адамдарда тану екі негізгі формада жүзеге асады: сезімдік тану формасы және абстракциялық ойлау формасы. Сезімдік тану, түйсік, қабылдау, елестету сияқты жолдармен көрініс табады, оның көмегімен біз заттардың жеке қасиеттерін ажыратамыз. Сезімдік тану- бұл тек ойлаудың бастапқы сатысы, адам дүниені түйсіне отырып қабылдайды.

Сонымен ойлау қызметінің белсенділігін арттыру үшін балалардың танымдық қызметін дамытатындай өзіндік пікір, қорытынды шығаруға түрткі болатын ойындар ұйымдастыру қажет.

Ойын арқылы балалардың негізгі іс -әрекеті және олардың айналадағы өмірден алған білімдерін, әсерлерін жинақтаған тәжірибелерін өз бетінше іс жүзіне асырады. Ойын барысында берілген тапсырмаларды шешуде балалардың ақыл- ойы дамиды. Міне осыдан баланың логикалық ойлау, қиялдау қабілеті шыңдалады.

Бала ойын дамытуда логикалық ойындар ерекшеліктерін алуға болады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын, қызығушылықтарын арттыратын жұмыс түрі – логикалық ойындар. Логикалық ойындар баланы тапқырлыққа, логикалық ойлауға баулып, ойының ұшқырлығына, өздігінен шешім қабылдауға, салыстыруға, дәлелдеуге әсер етеді. Балалардың қызығушылығын арттыруда, танымдық қабілеттерін дамытуда мақсатым:

- балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдістерін дамыту;
- қиялдарын ұштау;
- тапқырлыққа жетелеу;
- қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауға қызығушылығын арттыру.

Міндеттер

- балалардың ойлау әрекетін дамытуға ықпал ету;
- логикалық ойындар арқылы білім, білік, дағдыларын қалыптастыру;
- балалардың математикалық тілде сөйлеу қабілеттерін жетілдіру.

Баланың бойындағы қабілетті ашу шығармашылық бағытта дамуына жетелейді. Осы орайда логикалық ойлау қабілетін дамытудың өзіндік іс - әрекетін ұйымдастырудың мынандай: «Заңдылықтар», «Нені отырғызу керек?», «Нені орналастырсам екен?», «Сыңарын табындар?», «Әзіл жұмбақтар» «Логикалық есептер». «Пішінді орналастыр» логикалық ойын түрлерін айтуға болады.

Осындай ойындарды тапқырлықпен, ізденпаздықпен орындаған балалардың білімділік дағдылары қалыптасып жақсы нәтиже береді.

Мектепалды даярлық, балаларының логикалық ойлауларын дамытудың негізгі кезеңіне жатқызуға болады. Өйткені балалардың ойлары осы кезде нақты – бейнеліден абстрактылы ойлауға қарай дамиды. Сондықтан мектепалды даярлықта балалардың ой - өрісі қалыптасып және заттарды тиісті ұғымдарға жатқызып, өздерінің ойларын дәлелдеуге үйрене бастайды.

Дәлеледеу үшін бала тиісті жүйе – логикалық ойлануға сүйенеді – дейді Г. Жолтаева.

Негізінде баланың логикалық ойлау қабілеті дегеніміз – қарапайым математикалық алғашқы ұғымдарын меңгертуден басталады десек қателеспейміз.. Оны жүйелі түрде шындау тәрбиешінің басты міндеті.

Педагогика және психология зерттеулері бойынша балалық шақ – баланың жеке тұлға болып өзін - өзі сезінуінің алғашқы сатысы, демек адамгершілік қасиеттер, ақыл – ойы, логикалық және басқада қасиеттерін қалыптастырудың ең негізгі кезеңі болып табылады.

Баланың ақыл – ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс - әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен

білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Баланың ойлау әрекетін ойдағыдай дамыту үшін, тиімді тәсілдер қолданып, арнайы жұмыстар жүргізу қажет. Ойлау үрдісі анализ, синтез, салыстыру, топтастыру жалпылау, тұжырымдау логикалық амалдарынан тұрады. Ойлаудың осы амалдарын қолдана алуынан балалардың оқу әрекетінің жемісі көрінеді. Бұл жөнінде М. Жұмабаев: «Ойлау- жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан тәрбиеші баланың ойлауын өркендеткенде сақтықпен басқыштап істеу керек» -деген.

Логикалық ойлауды дамыту туралы сөз етпес бұрын логика туралы қысқаша айтып кетейін. Логика (грек тілінен алынған *logis* –сөз, ой, ойлау, ақыл –ой) ойлаудың заңдылықтары мен түрлері туралы ғылым.

Объективтік пікірлерге негізделген процесс логикалық ойлау деп, ал дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп аталады.

Ойлау аса күрделі психологиялық процесс. Бұлардың ішінде психология мен логиканың орны ерекше.

Психология бірнеше жас ерекшеліктердің ойының пайда болу, даму, қалыптасу жолын, яғни жеке адамның ойлау ерекшелігі мен заңдылығын қарастырса логика –бүкіл адамзатқа ортақ ой-әрекет заңдары мен формаларын айқындайды, ол адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пайым, дәлел сияқты ой формаларының табиғатын зерттейді.

Ойлау ерекшелігін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу ойлаудың білім мен тікелей байланысты екенін айқындайды.

Баланың қажеттілігі мен қызығушылығын түсіне білу, бүлдіршіндердің ой - өрісін іс – қимылын жан – жақты дамыту тәрбиешінің басты міндеті.

Бүлдіршіндердің логикалық қабілетін дамытуда қарапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің заттары әртүрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың жұмбақтар жаттаудың маңызы зор. Өйткені жасырын тұрған ойдың нені меңзеп тұрғанын ойлап табу баланың ми қыртысының жұмысын шыңдайды, логикалық ойлау сезімін қалыптастырады. Логикалық ойдың ерекшелігі қорытындылардың қисындылығы да олардың негізіне сай келуі. Логикалық ойлауға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдары қатесіз анықталады.

Логикалық ойлауы дамыған бала шығармашылыққа, ойлана әрекет етуге, өзінің іс -әрекетін талдауға үйренеді.

Қорыта келе, аталған жұмыс түрлері, бала үшін, оның танымын, логикасын арттыру үшін өмірде қажетті екенін көрсетеді, яғни олардың шығармашылық деңгейін көтереді, қызығушылықтарын арттырады.

Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту

XXI ғасырдағы білімнің адам өміріндегі маңызы қандай, қандай жаңалықтар енгізуге болады деген сұрақ әр тәрбиеші мен педагогтың көкейкесті мәселесі болуы керек. Осыған орай біз де өз үлесімізді қай дәрежеде қостық, қандай жаңалығымыз болды деген сұрақты қоюымыз мүмкін. Қазіргі ғылым, техникалық прогрестің дамуы өз алдына, біз мектеп жасына дейінгі балаларға білім нәрін себуге қандай технологияларды қолданудамыз деген ойлар үнемі бізді мазаламай қоймайды. Жаңа технологияларды қолдану әр тәрбиеші мен педагогтың өз еркінде. Сонымен бірге бала жанының бағбаны болу – әр адамның қолынан келе бермейтін іс. Бала отбасында басқа жағынан көрінсе, балабақша қабырғасында мүлде басқа қырынан көрінуі мүмкін. Әрбір жанұяның ғана емес, тәрбиеші мен достарының ара-қатынасынан да бала өмірлік іс тәжірибе жинақтауы мүмкін. Осыған орай мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде олардың таным қабілеттерін дамыту ерекше орын алары сөзсіз.

Балалардың білім алуға, еңбекке, қоршаған ортаға бейімі, адамдармен қарым-қатынасы, сөз қорының, ойлау қабілетінің дамуы мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Олай болса, болашақта мемлекеттік тілді жетік білетін, елдік пен еркіндіктің туын берік ұстайтын өскелең ұрпақ тәрбиелеуде мен қаншалықты өз үлесімді қостым?

Мен өз іс-тәжірибемде балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда танымның алар орны туралы айтпақпын. Таным кең, саналы азамат, өз елінің ұранды ұрпағы болу жас жеткіншектердің үлесінде. Тәуелсіздік алған 20 жылдың ішінде елімізде ерекше орын алар оқиғалар көп болды. Ел ағасы М.О.Әуезов «Ел болам десең – бесігіңді түзе » деді емес пе? Ендеше білімнің киелі бесігін балабақша есігін ашқан бүлдіршіндерге сепсек, кейінгі елдігімізге олар да өз үлесін қосары даусыз ақиқат емес пе? Осындай қиын да сындарлы еңбек жолындағы өз ізденісімді ұсынып отырмын. «Таным» білім беру саласының мазмұны мен мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта жайлы қарапайым түсініктері мен танымдық іс-әрекетінің қарапайым дағдыларын меңгерту және игерген дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Жеке тұлғаның дамуы үшін танымның мазмұны

Іс –әрекеттерді ұйымдастыру формалары

Балалардың өмірлік іс-әрекеттері мен тәрбиесін ұйымдастырудың балабақшада қолданатын түрі және іс-әрекеттерді жүзеге асыру жолдары:

1. Танымдық іс-әрекеттер барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері мен тәрбиелеуде;
2. Серуендер кезінде балалардың қоршаған орта мен тығыз байланысы;
3. Бақылау- қоршаған орта мен күнделікті іс-әрекеттерді бақылау;
4. Бірлескен – дербес және ересектермен бірлескен іздестіру іс-әрекеттері арқылы;

Ең көп қолданылатын көрнекіліктер:

II кіші тобындағы ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру салалары: «Таным»

Бөлімдері : Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Тақырыбы: Геометриялық пішіндер

Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту. Ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды ізеттілікке, ұжымдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдығы: флишбурт, теледидар, ұнтаспа, геометриялық пішіндер.

Әрекет кезеңі

Тәрбиешінің іс-әрекеті

Баланың іс - әрекеті

Мотивациялық қозғаушы

Балалардың көңілдерін өзіне аударады.

-Балалар, барлығымыз ән салайықшы.

Біз көңілді қуыршақпыз, алақай, алақай,

Өлең айтып, би билейміз, балақай, балақай.

Тартып алып орамалды алақай, алақай,

Дөңгелене би билейміз балақай, балақай.

-Бәріміз бері қарайықшы. Бүгін бізге сиқырлы хат келіпті. Сиқырлы хатты ашсақ ішінен не шығар екен?

-Сиқырлы хаттың ішінде неше түрлі пішіндер бар екен. Қане, кім маған пішіндерді атап береді?

- Дұрыс айтасындар, үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек екен.

-Балалар, барлығымыз ауада осы пішіндерді ауада жасап көрейікші.

- Үшбұрыш, ал мынау – төртбұрыш, ал мынау –дөңгелек.

-Ал, енді теледидарға қарайық. Теледидардан біз қандай пішіндерді көріп тұрмыз? Түстері қандай? Пішіндері қандай?

Тәрбиешіге қарап, айтқандарын қайталайды.

Сиқырлы хатты тамашалайды.

Пішіндерді атайды.

Көңілді әуеннің ойнауы арқылы ауада пішіндерді жасайды.

Теледидардан пішіндерді көреді, түстерін атайды. Салыстырады.

Іздену -ұйымдастырушылық

-Ал, балалар, енді барлығымыз орнымыздан тұрайық, сәл демалып алайық.

- Бойыңды сергек тік ұста,

Емін-еркін тыныста.

Деміңді ішке тез ал да,

Сол қолыңды соз алға.

Қол ұшына қара да,

Үшбұрыш сыз ауада.

Оң қол да бос тұрмасын,
Шеңбер сызып зырласын.

-Балалар, енді осы геометриялық пішіндерден суреттер құрастырайық.

Дидактикалық ойын «Көңілді пішіндер». Балалар геометриялық пішіндерден әр түрлі пішіндер құрастырады.

Мысалы: «Гүлдер», «Ою-өрнек»

-балалар, ендеше флишбрутқа қарайықшы. Бүгін біз танысқан геометриялық пішіндерді бейнелеп көрейік.

Орындарынан тұрып жаттығуды жасайды.

Геометриялық пішіндерді пайдалана отырып, суреттер құрастырады.

Көңілді пішіндерден гүл, ою-өрнек құрастыру.

Флишбрутта геометриялық пішіндерді бейнелеу.

Рефлексивті -түзетуші -Балалар, бүгін біз немен таныстық?

-Дұрыс айтасындар, пішіндер туралы білгендерімізді кеңейте түстік.

-Пішіндер неше түрлі болады?

- Геометриялық пішіндердің қандай пайдасы бар?

- Ең әдемі, ең көңілді пішіндерді кім жасады?

Тәрбиешінің қойған сұрақтарына толық жауап бере отырып, ұйымдасқан оқу-іс әрекетті қорытындылайды.

Күтілетін нәтиже:

Білуі немесе хабардар бодуы: Пішіндер туралы жалпы түсінік

Қалыптасқан әдет: Пішіндердің түсін, көлемін ажырату.

Істей білуі: Геометриялық пішіндерді біледі, әр түрлі пішіндер құрай алады

3.Үшінші мәселе бойынша әдіскер 3.Мырзаева сөйледі қоршаған ортамен таныстыру сабақтарында бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш бойынша көрсетілген. Балаларды қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, алға қойылған міндеттерге барар қызмет тәсілдерін таңдау, алға қойылған мақсатқа жету, экологиялық білімді меңгеріп, сұрақтар қоюға, эксперимент жасауға, себеп-салдырлық байланыстар орнату дағдылықтары қалыптастырылды. Сабақтарда қолданатын көрнекіліктер қамтамасыз етілді.Құрастырымдылық іс-әрекеттегі ойды жүзеге асырып, заттарды олардың жалпы түсінігі негізінде біріктіруге және оларға ауызша анықтамалар беруге мүмкіндік жасалынды.

Қаулы етті:

1. Баланың тілін дамыту арқылы танымдық іс – әрекетін арттыру тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Ортаңғы топта қоршаған ортамен таныстыру іс – әрекетін тексеру әдікерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева
З.Мырзаева

«Саяжан» балалар бақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазналық кәсіпорны
пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

23.01.2017ж

Хаттама № 3

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра Пазылхановна
2. Ораз Алмагүл Абибоолақызы
3. Исламбекова Тәттіқыз Алмасханқызы
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна

Қаралатын мәселелер:

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Отбасымен бала бақша бірігіп балалардың дамуына ықпал жасауға ат салысу.
3. «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» Баяндама

1.Бірінші мәселе өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша
меңгеруші Н.Акбердиева сөйледі. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
бойынша 2017-2018 оқу жылының жылдық жоспарын талқыланып бекітілді, жаңа оқу
жылына дайындық жоғары дәрежеде екенін айтып өтті.

Бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе бала тәрбиесі екенін
баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмір жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы,
келешек қызық көрсетер болашағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрі жемісі болып
табылады.

Қай халық болмасын үмітім ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне,
сондықтанда «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол,
айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстанған ата-бабаларымыз өз ұрпағын

«Адам, азамат» деген атқа лайық етіп өсіруді мақсат еткен. Бала тәрбиесінің қай саласында болмасын ата-ананың өнегесі үлкен рол атқарады. Егер баланың ата-анасы үйді таза ұстап, өздерін күте білсе, жақсы кітап, кино шығармалар жайлы әңгімелеп отырса

Баланың эстетикалық танымын күшейте түсуі хақ. Отбасы бұл баланың өмір сүру ортасы қамқорлықтың тұрақты көзі тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру жән шешім қабылдай білуге үйретудің ең жақын адамдардың мейрім шуағы сезінетін орын.

Отбасында тұрақты жайлы жағдай қалыптасқа болса, ондай ортада тәрбие алып өскен бала да жақсы жетістіктерге жетіп өзінің даму әлеуметін көрсете алады. Алайда, заманауи отбасылар қоғамдық дамудың сапалы және қарама-қарсы жағдайда қалыптасады.

1. Қоғамдық қарқынды жіктелуі (материалдың байлығының деңгейі және әлеуметтік мәртебесі бойыншы)
2. Балалардың психикасына кері әсер тигізетін ажырасулыр санының өсуі.
3. Бір ата-ана ғана тәрбие беретін отбасылыр санының өсуі.
4. Бұқаралық ақпараттар құралдары мен ғаламаттар жанандық желісінің қуаты озбырлық ықпалы.

Жарыссөзге тірбиеші С.Ибадуллаева қанатты абайдың үш —ақ нәрсе адамның қасиеті. Бістық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек деген сөзінен басталады. Адам баласы өмәр бойы психологиялық көмекке зәру болмақ. Поляк зиялысы Станислов Ежи «Тағдырдың қалай қарай аутыны, бесігінің қалай қарай тербелетініне » байланысты деген. Олай болса «Бесікті кім және қалай тербеткен» деген тууыда заңдылық.

Адам болмысы мен мінез-құлқын қалыптастыру міндеті күнге дейін мойнына түскен жоқ. Қалай болғанда да тәлімді үлгіні ата-аналар көрсетеді. Балалар көргенін қайталайды. Алайда «арбаның дөңгелегі қайда жүрсе, соңы да сонда жүреді» ата-анасының ізденіп, кітап оқып пайдалы кеңеспен айналысқанын көрген бала жаман әдеттен бойын аулақ ұстауға тырысады.

Әдіскер З.Мырзаева Баяндама оқыды.

Тақырыбы: «Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы»

*Баланы бұзуга, түзеуге себеп болатын
бір шарт - жас күнде көрген өнеге.*

Жүсіпбек Аймауытов

Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан
өрімдей ұл - қыздардың дені сау,

рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі - ең жоғарғы
тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы.

Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің
күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата - ана тәрбиесінің орнын
ешнәрсе алмастыра алмайды. . отбасы - өмірге сәби әкеліп,

оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын.

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты - балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету - үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.

- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.

- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.

- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету.

- Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім - тәрбие беріледі.

« Баланы жастан », « Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің » деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын.

Осы кезде « Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің мінез - құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой - елегінен өткізіп, бақыладыңыз ба ? » деген сауал туады.

Ұлы педагог А. С. Макаренко : « Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата - ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп

келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата - ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы?

Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген.

Отбасы - барлығының басы, жан - жақты дамуының негізі болатын

тәрбие институты. Отбасындағы ата - ана мен баланың қарым - қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше - баланың алғашқы тәрбиешілері.

Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.

Бала бақыты - білімде. « Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды », - дейді

А. Байтұрсынов.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата - аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі

жана технологияларды пайдалана отырып, ата - ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгереді.

Ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:

- * Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;
- * Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;
- * Ата — аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;

Ал міндеттері:

- * Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.
- * Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, ата - ананың өміріндегі тұрақтылық

пен болашаққа деген сенімін нығайтады.

Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуға тәрбиешілердің практикасында ата - аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылууда. Олар ата - аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізді.

Отбасы тәрбиесіндегі кездесетін сәтсіздіктер ата - аналардың педагогикалық сауатсыздығынан және оларда тәрбие жұмысын жүргізуге қажетті тәжірибенің жоқтығынан болады. Балаларды тәрбиелеудің дұрыс жолын табу үшін ата - аналарға көмектесу тәрбиешілердің міндеті.

Ата - аналармен жүргізілетін жұмыс түрлерін қалай ұйымдастыруға болады?

Ол үшін біз ата - аналармен жақынырақ танысып, отбасының әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерінің бала тәрбиелеудегі ролін

анықтау үшін, ата - аналардың ұсыныс - пікірлерін, ойын бөлісу мақсатында сауалнамалар, анкеталық сұрақтар алуымызға болады.

Сонымен бірге жыл бойғы жүргізілетін жұмыс түрлерін ата - аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата - аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарды өздері ұсына алады. Сонымен қатар ата - аналардың ұсыныс - пікірлермен санаса отырып ата - аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, консультациялар, сұрақ - жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата -

аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс - тәсілдері қарастырылады. М. Әуезов «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар.

Ең алдымен әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек». Өмірлік тәжірибе ұлы жазушымыздың сөзінің құдіреттілігін байқатады.

Отбасы мен балабақша арасындағы байланысты күшейтіп, бағытты жұмыс жүргізу, ұйымдастырылатын мерекелік іс - шараларға, ата - аналар және топ жиналыстарына ата - аналарды тартудың қажеттілігі:

- * Балаларда іс - әрекетті таңдаудың үлкен мүмкіндігі болады;
- * Балалар маңызды жетістіктерге жете алады;
- * Ұнайды;
- * Балалар еліктеудің жаңа үлгісін алады;
- * Ересектер мұғалім жұмысымен жақын танысып, оны бағалай біледі;
- * Ата – аналар және басқа да ересектер мектепке оқыту философиясымен және оқу жоспарларымен танысады;
- * Ата – аналар және отбасы мүшелері өздерінің бала тәрбиелеуге, оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді,

Тәрбиешілер ата - аналарға ақыл - кеңес беріп, ұсынылатын тыңдау барысында төмендегідей қарым - қатынас ережелерін есте сақтауы

керек;

- Бір – біріне көңіл бөлу
- Тыңдау
- Сыйлау
- Көзбе – көз қарау
- Тиімді орынды таңдау
- Әзілді сезіну
- Ұрыс – керістен сақтану сияқты

Сонымен қатар ата - аналарға тәрбиеші сөзі әсерлі, отбасы

қажеттіліктеріне байланысты екендігін түсіндіріп толық тыңдату үшін;

- Сиқырлы сөздер айту;
- Баласының жетістігін айту
- Сенімді болу
- Көңіл - күйіне қарау
- Намысына тимеу
- Материал арқылы сөйлесу (анкета, тест, т.б)
- Қарапайымдылық
- Пікірін сыйлау

Ата - аналармен жұмыс жүргізудің негізгі алғы шарттары

* Әрбір отбасының мықты жақтары болады, әр адам жақсы

ата - ана болғысы келеді;

* Барлық отбасы көмекті қажет етеді, көмек түрі отбасының нақты қажеттіліктеріне байланысты болады;

* Ата – анамен жұмысты ұйымдастыру барысында ата - ананы, яғни отбасын тәуелді ету емес, оның қиыншылықтарды жеңу мүмкіндігін нығайтуды көздеу;

* Баланың дамуы туралы ақпарат ата - аналарға бала тәрбиелеуде өз ролін жүзеге асыруға ықпал етеді;

* Әрбір отбасы көрсетілген көмектің тиімділігіне көзі жеткенде ғана, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады;

* Тәрбиеші мен баланың оқуға деген қызығушылығын арттыру жолдарын түсіндіреді;

* Ата - анамен баланың ортақ қарым - қатынастары жөнінде кеңес беру;

« Таным » ата – аналар мектебінің жұмысымен танысу

« Таным » ата – аналар мектебі

Ата – аналар клубы

« Балабақшадағы, отбасындағы топтағы кездесетін қайшылықты жағдайларды шешуге арналады»

Тақырыптық кеңес

« ата – аналарды психологиялық педагогикалық білім және тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, кеңес беру, ой қозғау, ой қорыту »

Педагогикалық семинар

« Отбасылық тәрбиенің әдіс - тәсілдеріне арналады. Семинарға тәрбиешілер де, ата – аналар да жан жақты дайындықпен қатысуы қажет»

Шығармашылық кештер

« Балабақшаішілік және топішілік болып, озық қабілетті, танымал ата - аналарды үлгі тұту, насихаттау мақсатында ұйымдастырылады»

Топқа ата – аналарды тартудың қажеттілігі

* Балаларда іс — әрекетті тандаудың үлкен мүмкіндігі болады

* балаларға маңызды жетістіктерге жете алады

* балаларға отбасы мен балабақша байланысын сезіну ұнайды

* тәрбиешіге балаларға жетекшілік жасау жеңілірек болады жекелеп оқыту мүмкіндігі туады

* ата - аналар және отбасы мүшелері өздерінің балаларының оқытуға қатысы бар екендігін сезінеді

* ата – аналар балабақшадағы оқыту - тәрбие жоспарларымен танысады

Ата – анамен жүргізілетін жұмыс

Жұмыс түрлері :

- топшілік ата - аналар жиналысы
- балабақшаішілік ата –аналар жиналысы
- ата –аналармен жеке кездесу
- ата –аналар үшін ашық есік күн
- мерекелік кештерге шақыру
- ата –аналарды тренинг ойындарға қатыстыру
- отбасылық жарыстарға қатыстыру

Негізгі міндеттері :

- * тәрбиешінің топ ата - аналармен құрамын зерттеуі
- * ата –аналармен тұрақты байланыс орнату
- * ата –аналар ұжымын құру
- * ата - аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру
- * үштік одақ (бала, ата – ана, тәрбиеші) жұмысын жандандыру

Атқаратын қызметі :

- * ата - аналарды топтағы оқу - тәрбие процесінің мазмұны және әдістемесімен таныстыру
- * ата –аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру
- * отбасы тәрбиесі туралы ата - аналарға педагогикалық және психологиялық кеңес беру
- * ата - аналар белсенділерімен жұмыс жүргізу және әр түрлі қоғамдық ұйымдармен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуін қауымдастыру

Қаулы етеді:

1. Отбасымен балабақша бірігіп балалардың дамуына ықпал жасау мінезгер 3.Мырзаеваға жүктелсін.
2. Отбасының бала дамуына ықпалын дамыту әдіскер 3.Мырзаеваға жүктелсін.
3. Отбасы мен балабақша ынтымақтастығын дамыту тәрбиешілерге жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Handwritten signature in blue ink, likely belonging to the chairperson of the meeting.

Н.Акбердива

З.Мырзаева

«Саяжан» балалар бақшасы
мемлекттік коммуналдық
қазналық кәсіпорнында
пед. кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

31.08.2018ж

Хаттама № 1

Қатысқандар:

1. Джумадиллава Гулжамал
2. Ораз Алмагүл Әбиболлақызы
3. Исламбекова Тәттіқыз Алмасханқызы
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна

Қаралатын мәселелер:

1.2018-2019 оқу жылының жоспарын талқылып бекіту.

Сабақ кестесін бекіту

2.Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы бойынша талқылау)

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп отырған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайтындығын айтты. Уақытында-алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де еліміздің әл ауқаты үшін өмірлік маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланыста екендігі және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере айтты.

Жарыссөзге тәрбиеші А.Ораз тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы тексердің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп өздеренің ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған .Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Ораз сөз алып жазғы сауықтыру кезеңінің өтілуі туралы сипаттама беріп өтті. Жазғы сауықтыру 1 маусымнан бастап 31- тамызға дейінгі мерзімді қамтыды. Осы мерзімде екі топ балалары да күн режиміне қоса ауа, күн, су ванналарын қабылдады. Ауа ваннасында көлеңкеде отырып ертегі оқу, күн ваннасында балалар жалаң аяқ, бастарында панамаларымен топырақта ойнату, су ваннасында осы екі процедурадан соң душ қабылдап бұл процедуралар толық қабылдады.

Жарыссөзге «Балауса» тобының тәрбиешісі Жадигерова Сауле шықты. Тәтті ұйқыдан соң сауықтыру шаралары да бір күн тұз қосылған сумен, екінші күні иод 3 тамшысы қосылған сумен ауыз шаюды бүлдіршіндер медбикенің қадағалаумен жүргізді. Бұл

жағдайлардың денсаулығына едәуір әсер ететіндігі де байқалды. Жалпы жазғы сауықтыруды тәрбиеленушілердің арасында спорттық өткізілді. Жалпы жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізілді.

Бұл мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева өз ойын 25 тамызда өткізілген «Тамыз конференциясында» жаңалықтарды айтумен ортаға салды.

Сексия жұмыстарында 5 баяндама оқылып, 2 жұмыс мадақтамаға ұсынылды. Сондағы көрнекіліктер де ортаға салынып ой бөлісті.

Педагогтар пед.кеңесті қорытындылай келе алға қойған мақсаттарға жету жолында аянбай еңбек ету керектігі айтылды.

Қаулы етеді:

2. 2018-2019 оқу жылының жоспарын, сабақ кестесін 03 қыркүйекке дейін бекіту меңгеруші Н.Акбердиева жүктелсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы бойынша талқылау)



Жиналыс төрайымы:

Н.Акбердиева

Хатшы:

Жаф

С.Жадигерова

«Саяжан» балабақшасы

мемлекттік коммуналдық

қазналық кәсіпорны

пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

22.02.2018ж

Хаттама № 2

Қатысқандар:

1. Исламбекова Тәттіқыз
2. Ораз Алма Абибуллақызы
3. Жадигерова Сауле Каримовна
4. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна
5. Ждумадилаева Г

Қаралатын мәселелер:

Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы.

- 1.Жарты жылдықтың қорытындысын жүргізу.
- 2.Балалардың балабақшаға келу көрсеткіші
- 3.Жылдық міндеттерге байланысты тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіші.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алды. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтып өтті.Отбасымен балабақша бірігіп балалардың дамуына жұмысы жайлы ата-аналармен мінезгер 3.Мырзаева «Толағай» отбасылық сайысы, «Үш жастағы баланың тілдік дамуы» психологиялық кеңес берілді. Ата-аналар мінезгерге көкейтесті психологиялық сұрақтарын қойып қонымды жауаптар алып мінезгерге алғыстар айтып тарасты.

Жарссөзге әдіскер жарты жылдықтың қорытындысы I және II тоқсандағы тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіші бола білетін бестік индикатордан бастады. Бұл көрсеткіш бойынша балалардың тест қорытындысы әлі де болса жетілдіре түсу керектігін баса айтты. Біздің бақшамызға келіп жүрген тәрбиленушілердің жас көрсеткіштері 1-3 жас аралығындағылар басымдығы осы мәселенің бірден-бір себебі екенін ұмытпау керктігін де ашып айтты. Алдағы уақыттағы жоспарларға да біраз тоқталып, бала тәрбиесіне және оқуына алдағы уақыттарда баса көңіл бөлетіндігі және денсаулық саласының назардан тыс қалмай, оқу тәрбие жұмысымен қатарласа денсаулық пен тамақтану мәселесі де өз дәрежесінде болу керектігін айтты. Жарыссөзге тәрбиеші шығып мәселені көтерді. Жоғарыда айтылып өткендей бақшамызға келуші тәрбиленушілер тұмау болып ауырып жатқандығына байланысты және де күннің суытуына байланысты үйде отырған ата-аналар балаларын тұмаудан айыққан соң бақшаға әкелетінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер сөз алып

I және II тоқсандағы тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіштерімен таныстырып өтті.Балалардың оқу-білім көрсеткіштерінің нәтижесімен таныстырылды.Жалпы I және II тоқсандағы тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіштері жақсы дәрежеде екенін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1. Тәрбиленушілердің балабақшаға келуін қадағалау тәрбиешілерге жүктелсін.
2. Ұйымдастырлған ашық оқу-әрекетті қадағалау өзіме жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Н.Акбердиева

Хатшы:

3.Мырзаева



«Саяжан» бала -балабақшасы

мемлекттік коммуналдық

қазналық кәсіпорны

пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

28.05.2018ж

Хаттама № 4

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра
2. Исламбекова Тәттіқыз
3. Ораз А
4. Г.Джумадилаева
5. Жадигерова Сауле Каримовна
6. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна

Қаралатын мәселелер:

1. 2017-2018оқу жылына қорытынды.
2. Жазғы сауықтыру мерзімінің жоспарын бекіту.
3. Денсаулық шаралары жоспарын бекіту.
4. Жаңа оқу жылына дайындық жоспарын талқылау.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып, бір жылға қорытынды жасады. Балабақшада екі топ жұмыс істейді. «Балапан» және «Балауса» топтары онда 50 бала болды. Бақшаның алға қойған міндеттері балаларды мектепке жақсы оқуға дайындау. 2017-2018 оқу жылында балабақша стандарт бойынша жұмыс жасады. Балабақшада мерекелік ертеңгілік ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті медбикенің денсаулық күніне орай өткен ойын сауықтырулары да өз дәрежесінде өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева сөз алып 2018жылғы жазғы сауықтыру мерзімінің жоспарымен таныстырды. Тәрбиешілер бір-біріне жазғы сауықтыру жоспары бойынша ұсыныстар айтты. Тәрбиешілерге маусым, шілде, тамыз айларында болатын іс-шараның тақырыптарымен таныстырды. Тәрбиешілерге ауа, күн, су ванналарымен жұмыс істеу қатаң еркерлітіп, күн тәртібімен жұмыс істеуді талап етті.

Үшінші мәселе бойынша медбике сөз алып, қазіргі мектепке дейінгі тәрбие ошақтарының негізгі міндеті- дені сау азамат пен азаматшаларды тәрбиелеу өркенниетке қадам басқан қабілетті елу елдің қатарына қосылуды мақсат еткен мемлекетімізде ірі өнеркәсіп түрлі шаруашылық шаралары дамытумен қатар халықтың әлеуметтік рухани ахуалымен жақсарту еліміздің болашағы –жас ұрпақтың денсаулығына аса назар аударып отыр.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер жаңа оқу жылына дайынды тексерудің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Топ тәрбиешілеріне жаңа оқу жылына дейін топтарды безендіруге, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнына сай жазуын айтып өтті. Жаңа оқу жылына топтардың көрнекіліктерін одан рәі қарай дамыту, күн тәртібіне қатаң сақтау ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерді мазмұнынан жоғары дәрежеде өткізу.

Қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру шарасының жоспарын бекіту меңгеруші Н.Акбердиеваға жүктелсін.
2. Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы әдіскер жүктелсін.
3. Жазғы күні балаларды күн көзімен, құмның үстінен жүріп, тастың үстінен жүру шынықтыру денсаулықтарына көңіл бөлу медбикеге тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



A handwritten signature in blue ink, likely belonging to N. Akberdieva.

Н.Акбердиева

З.Мырзаева

«Саяжан» бөбекжай-балабақшасы
мемлекттік коммуналдық
қазналық кәсіпорнында
пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

28.08.2019ж

Хаттама № 1

Қатысқандар:

- 1.Мырзаева Зухра
- 2.Исламбекова Тәттіқыз
3. Жадигерова Сауле Каримовна
4. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна
5. Алимова Камила
6. Аппазова Камила

Қаралатын мәселелер:

1.2019-2020 оқу жылының жоспарын талқылып бекіту.

Сабақ кестесін бекіту

2.Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы
бойынша талқылау)

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп отырған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайтындығын айтты. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де еліміздің әл ауқаты үшін өмірлік маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланыста екендігі және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере айтты.

Жарыссөзге тәрбиеші С.Жадигерова тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы тексердің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп, өздеренің ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған. Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ұ.Асилханова сөз алып жазғы сауықтыру кезеңінің өтілуі туралы сипаттама беріп өтті. Жазғы сауықтыру 1 маусымнан бастап 31- тамызға дейінгі мерзімді қамтыды. Осы мерзімде екі топ балалары да күн режиміне қоса ауа, күн, су ванналарын қабылдады. Ауа ваннасында көлеңкеде отырып ертегі оқу, күн ваннасында балалар жалаң аяқ, бастарында панамаларымен топырақта ойнату, су ваннасында осы екі рәтінен процедурадан соң душ қабылдап бұл процедуралар толық қабылдады.

Жарыссөзге «Балауса» тобының тәрбиешісі Жадигерова Сауле шықты. Тәтті ұйқыдан соң сауықтыру шаралары да бір күн тұз

Педагогтар пед.кеңесті қорытындылай келе алға қойған мақсаттарға жету жолында аянбай еңбек ету керектігі айтылды.

1. 2018-2019 оқу жылының жоспарын, сабақ кестесін 01 қыркүйекке дейін бекіту меңгеруші Н.Ақбердиева жүктелсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:

Хатшы:

3.Мырзаева

«Саяжан» бөбекжай балабақшасы
мемлекттік коммуналдық
қазналық кәсіпорнында
пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

09.11.2019ж

Хаттама № 2

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра Пазылхановна
2. Алимова Камила Улхожаевна
3. Аппазова Камила Турдыхожаевна
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Турсынхановна
6. Исламбекова Тәттіқыз Алмасханқызы

Қаралатын мәселелер:

Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.

1. Бейнелеу өнері бойынша мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейі.
2. Оқу-тәрбие үдерісіндегі тілдік-танымдық мінездемесіндегі дидактикалық ойындар
3. Практикалық тапсырма: «Шебер қолдар»

Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Ақбердиева сөз алып, балалардың бейнелеу іс-әрекетін тиімді жолдарын талқылады. Халқымыздың жалпы мәдени деңгейін жоғары сатыға көтерудің және балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден –бір жолы көркем өнер болып табылады. Эстетикалық тәрбиеде көркем өнерге ерекше орын береді. Ол толғаныта және қуанта отырып, балалар алдында өмір құбылыстарының мәнін ашады, оларды қоршаған дүниеге үңіле қарауға мәжбүр етеді. Әсемдіктің әсер ықпалын бастан кешіруге, жақсылықты үйренуге, жамандықтан жиренуге тәрбиелейді. Баланың көркемдік дамуы ойдағыдай болу үшін тәрбиеші оның жасына сәйкес, іс-әрекеттерінің түрін дұрыс пайдалана білу қажет. Көркемдік тәрбие әдістемесінің негізіне бала мен педагогтың көркем құндылықты қабылдауда, өнімді іс-әрекетке деген шығармашылық қабілеттері әлеуметтік, табиғи, заттық ортаға деген саналы қарым-қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен іс-әрекет жатады.

Көркемдік тәрбие жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сай бейнелеу іс-әрекетін үйретудің әдістемелік және жалпы міндеттерді белгілеп нақтылы қойылатын талаптарды анықтап алу қажет. Бұл көркемдік тәрбие құралдары мен әдістерін іріктеуге кездейсоқтыққа, жүйесіздікке, бір жақтылыққа ұшырамауға мүмкіндік береді. Тәрбиешілерге бейнелеу өнеріне байланысты жұмыстарды жоспарлауға, материалды белгілі бір ізге түсіруге, оның түпкі мақсатына жетіп, нәтижесін көруге көмектеседі.

Қазіргі заман талабына сай балабақшалардығы тәрбиелеу мен білім беру жаңарып отырады.

Бейнелеу іс-әрекеті эстетикалық ықпал ету құрлымдарының бірі болып отыр.

Балабақшадағы тәрбиенің ең маңыздысы еңбек. Еңбекпен тәрбиелеу арқылы баланың әдет дағдысын және ынталылығы, байқампаздығы, айналамен қоршаған өмірге қызығушылығы дамиды, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Қарапайым еңбек түрі барлық топтарда қалыптасады. Қол өнер еңбек балабақшаның еңбек балабақшаның ересектер тобында жүзеге асады. Балалар өздеріне қажетті ойын атрибуттарын әр түрлі машиналар, үйлер, қайықтар жиназдар т.б бұйымдар жасайды.

тәрбиеші С.Жадигерова мектепке дейінгі балалардың бақшадағы еңбегінің негізі үш формада: топтық, кезекшілік, ұжымдық еңбек іс-әрекеті барысында ұйымдастырылады. Мысалы: мектепке даярлық тобындағы балалар ағашпен, матамен, түрлі сымдармен, әр түрлі жұқа қаңылтыр жылтыр, түрлі-түсті- қағазбен жұмыс істейді.

Бұл еңбек түрінде балалардың еңбек құралдарын дұрыс пайдалана отырып, жұмыс жасауға керек сызықтарды келтіре отырып тіге білуге үйрету.

Орындалатын жұмыстарын сүйсіне, ынтамен, құлшына істеуге үйрету жұмыстың түрін дұрыс, әдемі жасауға жаттықтыру. Жасайтын жұмыстарын жаңашыл қарауға қадағалау мақсатын көздейді.

Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу балалар үшін сиқырлы жұмбақтың шешімін тапқандай болды. Жіптің ашық бояуларымен бейнелеудің үйлесін тауып, дәл орналасқанын балалар таңдайды.

1. Оқу-тәрбие үдерісіндегі тілдік-танымдық мінездемесіндегі дидактикалық ойындар
2. Балабақша әдіскері З.Мырзаева сөз алып ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді тіктеген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі де, бірегейі де ұрпақ тәрбиесі. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын ұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру бүгінгі күннің басты ісі. Бүгінгі балабақшаларындағы оқу -тәрбие жұмысының сапасын қазіргі кезеңге сай қалай жақсарту керек дегенде, ең бастысы сабақ формаларымен оның құрылымын жетілдіру, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін жетілдіру.
3. Халық даналығында былай деп айтылған: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев әр азаматқа өз тілінде сөйлеуге, салт – дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан біздің республикамызда тұратын әр халықтың мемлекеттік тілді үйренуге ынтасы зор. «2050 бағдарламасына» сәйкес әр қазақстандықтар мемлекеттік тілде сөйлеуге міндетті. Кез келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез- құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі

тиіс. Балабақшада қазақ тілін оқытудың қай түрін алсақ та, ол оқыту, үйрету үрдісінің бүкіл жүйесін қамтиды. Өз жұмысымда балабақша ұжымының алдына қойған мақсатымен ұштастырамын. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Ең басты мақсатым: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде, балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып

- балалардың сөздік қорларын дамытамыз;
- жаңа сөздерді меңгертеміз;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отырамыз.

Осы аталған міндеттерді мұғалім үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Сонымен қатар қазақ тіліне үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Тіл үйренуде ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті. Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сол әдістердің бірі:

Түсіндіру әдісі - жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

Көрнекілік әдісі – Сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы , әртүрлі түстен болуы керек .

Ы. Алтынсарин «Натуральды әдіс» туралы былай деген: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Жемістер-көкөністер тақырыптарын қозғаса, баланы осы тақырыптарға сай қазақ тілінде сөйлетіп үйрету оқыту үрдісін әлдеқайда жеңілдетеді. Мысалы бала ата-анасымен дүкенге барады, азық-түліктерді сатып алады, соның ішінде жемістер мен көкөністерде бар, сол туралы орысша әңгімелеп береді. Ал мұғалім орыс тілінде айтып берген әңгімесін қазақ тілінде айтып беруді сұрайды: Бала дүкеннен сатып алған жемістердің, көкөністердің атауын қазақ тілінде еске түсіріп атап шығады. Тіл үйретуде ең басты міндет - балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Балалар тілдің грамматикасын білу арқылы бір - бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Диалогтың және монологтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметтері бір арнаға тоғысып жатады баланың танымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді. Диалог пен монологтардың тіл үйренуші үшін маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Диалог пен монологтарды сурет бойынша, техникалық құралдар және ойын элементтері арқылы құрастыруға болады. Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады:

Жұптық.

Топтық.

Ұжымдық.

Жұптық оқыту. Жұптық оқыту қалпында тілдік қатынас екі баланың арасында жүреді. Онда негізгі мақсат - екі баланың өзара тілдесу ерекшеліктеріне, тілді білу дәрежесіне т.б. сүйене отырып іске асырылады. Мұнда балалар екі- екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді де, олардың сыңарлары бір-бірімен отырады. Жұптық қалыппен тілді үйретудің ерекшелігі: ол диалог арқылы жүзеге асады да, тілдік қарым-қатынастың ауызша түрін дамытуға себін тигізеді. Бұл қалып бойынша бүкіл тілдік материал диалогтың негізінде меңгеріледі. Топтық оқыту. Балаларды топтарға бөліп сабақ өткізу балалар арасындағы қарым- қатынасты жақсартады, дұрыс сөйлей білуге жағдай жасайды, балалардың білімін жетілдіреді, әр түрлі мінез-құлықтағы адамдармен пікір алмасуға үйретеді, топтар арасында

бала өзінің жеке - дара қасиетін көрсетуге мүмкіндік алады. Ұжымдық оқыту. Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз- үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасы арқылы олардың екеуінің бір-бірін үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен- екеуінің үйренуі ; пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып әрі жұптық; әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы. Сабақта балалардың коммуникативтік сөйлеуі ,тіл дамытуы көрнекілік әдісі, ойын әдістер арқылы іске асады.

Сөздік жұмыстарын өткізбей тұрып, жалпы символдардан бейнелерді меңгерту керек, мұнда мнемокесте үлкен роль атқарады.

Мәселе:

- Орыс тілді балалардың қазақ тілінде сөздік қоры аз болуында
 - Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айта алмауы
 - Қойған сұрақты түсінбеу, қазақша дұрыс жауап бере алмауы
 - үйренген сөздерді пайдаланып сөйлемді дұрыс құрастыра алмауы
 - Жай, жайылма сөйлемдерді құрастырыра алмауы
 - Байланыстырып сөйлеуге, (4-5 сөйлемдік) әңгіме құрастыра алмауды
 - Қазақ ертегілерін, тақтақтарды, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды тыңдап , түсінуге, жаттап алмауы
 - Өз ойыншықтары, отбасы, киімдері т.б. туралы бір- біріне сұрақ қойып, жауап беруге білмеуі
- Мнемокесте – есте сақтау қабілетін жеңілдететін және қосымша ассоциацияларды құраумен есте сақтау көлемін кеңейтетін әр түрлі тәсілдердің жүйесі.

Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

1. Кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау
 2. Жалпы символдардан бейнелерді жаңғырту, мысалы: Үй – шатыр, қоян – ұзын құлақтар т.б
 3. Қайта кодтаудан кейін құрастырған символдар бейнелер бойыша әңгімені, ертегіні, тақтақтарды мазмұндап бер.Мнемокесте мынадай бағыттар үшін қолданылады:
1. Сөздік қорларын байыту
 2. Сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету
 3. -Сөйлем, әңгіме құрастыру
 4. Әңгімені құрастыру

5. Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу
6. Тақпақтарды жаттау

Мнемокестелерді баланың деңгейіне байланысты беріге болады. Мнемокестеде символдарды бейнеге аударамыз. Сонда балаға қонымды болады.

Балалардың ақыл-ойына, қабілеттерінің дамуына жетудің бірден – бір жолы – өзара тілдік қарым-қатынас. Әр баланың табиғи қабілетін ескере отырып, балаға көмекші әрі сүйемелдеуші болып, әрдайым жанында достық қарым-қатынаста болсақ, оқыту мазмұнын жаңғыртуға, әрі тиімді әдіс-тәсілдерді кеңірек қолдануға еркін жол ашады. Мектепке дейінгі балаларға қазақ тілді үйретудің басты шарттары топта жағымды психологиялық климат, мейірімді орта, қазақ тілінде тілдесудің қуану сияқты факторлар өз себін тигізеді. Қазақ тілін үйретуде балалардың қорларын байыту, молайту, сөздіктерінің белсенділігін арттыру, күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөйлем құрап, сөйлесу тәжірибесін ұдайы ұйымдастыру – балалардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін ұғынып, тілінің жетілуіне ұстаздық әсер көрсетудің маңызы зор. Тіл тағдырына терең қарап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудегі талап, міндеттер балабақшамызда жақсы іске асырылуда.

Жоғарыда айтып кеткен топтық, жұптық, ұжымдық оқытуларда мнемокестелерді тақырыпқа байланысты өткізуге болады. Мысалы: жұптық оқытуда, балаларға жеке символдармен бейнеленген кестелерді беріп, балалар сол кестені пайдалана отырып диалог түрінде сөйлесе алады. Ал негізі монологтарды ең алғашқысында ұжымдық оқытуда пайдаланып, содан соң жеке – дара сол тақырыпта әңгіме жүргізе алады. Осы ең тиімдісі деп ойлаймын. Балалардың ойын дамытуда тағы бір әдістің түрі бұл - үстел үстіндегі мнемокестені ұйымдастыру. Адам мәдениеті ойын арқылы дамиды, демек балалық шақтан бастап, қартайған кезге дейін адамды ойын жетелеп отырады. Үстел үсті мнемкесте басқа кестелерден ерекшелігі бала бұл кестені қолмен ұстап, көбен көреді, жан – жақты таниды. Балаға өзі білген сөздерден және де өткен сабақтардан меңгерген сөздермен кесте бойынша сөз тіркестерін, сөйлемді құрастыруға қызықты. Олар мұны шын көңілдермен орындайды. Мысалы : « Отбасы »

тақырыбын өткен кезде ата, ана, әже, әке сөздерін меңгеретін болсақ, өткен сабақта білетін, әдемі, таза сөздері тағы бар, осыдан бала « әдемі ана » деген сөз тіркесін лезде орындай алады, ал келесі сабақта басқа тақырыпты өткенде, мысалы : « Тағамды» алатын болсақ , « анада нан бар » тағы сол сияқты сөз тіркестерін құрай алады. Осы аталған әдіс-тәсілдердің барлығын айналып келгенде бүлдіршіндерге ойын түрінде жеткіземіз. Ойын ең басты элемент болып саналады.

Дидактикалық ойындар - баланың ынтасын сабаққа аударуға, көңіл қойғызуға, қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, сабаққа эмоциялық бояу береді. «Ойын – күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады» К. А. Покровский «Ойын – ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты.» (В.М.Сухомлинский)
Дидактикалық ойынның түрі : заттық дидактикалық ойын – бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдармен ұйымдастырылады.

Ойын: «Сөз ойла»,Мақсаты: өткен сабақта сөздерді қайталау, бекіту.Шарты: текшедегі суреттер арқылы сөз тіркестерін құрастыру.

Ойын : «Сөйлейтін моншақтар» Мақсаты. Берілген тақыры бойынша қасиеттеріне қарай ажырата білу. Шарты: Суреттерден моншақ жасау (жіпке тереді)
«Ойнайық та, ойлайық, ойлайық та сөйлейік » Ойынның барысы: шеңбердегі суреттерді таңдау арқылы сөйлем құрастырып, байланыстырып сөйлеу.

Дидактикалық ойын: «жыл мезгілдері» Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту. Ойын шарты: тақырыпқа сай түрлі-түсті суреттерді қиып жапсыру.

Дидактикалық ойын: «Әңгімелеп бер»Тақырыпқа байланысты байланыстырып сөйлеуді дамыту.Ойын шарты: балаларға тірек сызбалар таратылып беріледі. Олар тақырыпқа сай байланыстырып сөйлем құрастыру қажет.

Сонымен қатар қазақ тілін үйретуде әдебиет жанырларын қолдана отырып балалардың тілдерін дамытуға болады. «Көркем сөзі бар болғырдың өзің орақпен орып күрекпен орып ала алмайсың: оны бір – бірлеп тересің, бір – бірлеп тізесің!» (Ғ. Мүсірепов)
Ұсынылатын ойын түрлері:

- «Көршімді іздеймін.»
- «Адасқан сөздерді орнына қою»
- «Берілген сөздер бойынша мақал құрастыру»
- «Ребусты шешу»

Мысалы, мақал құрастыруға берілетін сөздер ата, ағаш, бала, жапырақ. Мақал: «Ата – ағаш, бала – жапырақ.», «Бала тілі - бал». Балаларға мақалдардың мағынасын түсіндіру. Сабағымда әр тақырыптарға байланысты сызба-схемаларды қолданамын.

Сол сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез үйренеді. Мұғалім өз балаларының қабылдау қабілетін, жас шамасын ескере отырып, сызбаны өзі жасап алуына да болады. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін.

1.Қазақ тілі сабағында қолданылған аудиокітаптар балалардың қызығушылығын арттырады, зейін тыңдауға, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айтуға қалыптастырады.

2. «Сөйлетін кітаптар» арқылы кітап бетіндегі сабаққа қажетті сөздерді, шағын сөйлемдерді қайталап айту, сұраққа дұрыс жауап беруге баулиды.

3.Үнтаспаны пайдалану арқылы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарын т.б. дыбыстарды ажырата білуге мүмкіндік бар.

4. «Музыка немесе дыбыстармен жұмыс» мәзірінен арнайы әуендерді ойнату арқылы сабақты түрлендіруге, балаларды түрлі байқауларға дайындауда көп көмегін тигізеді.

Осыдан шығатын нәтиже :

- әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.
- Баланың жеке қабілеті анықталады.
- Балалар бір – бірлерінен қалмауға тырысады.

4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Әдіскер З.Мырзаева күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты жүргізу жайлы айтып өтті.Күн тәртібінің сақталуын қатаң айтып өтті.Біздің бақшамызға келіп жүрген тәрбиленушілердің жас көрсеткіштері 1,5-3 жас аралығындағылар басымдығы осы мәселенің бірден-бір себебі екенін ұмытпау керктігін де ашып айтты. Алдағы уақыттағы жоспарларға да біраз тоқталып, бала тәрбиесіне және оқуына

алдағы уақыттарда баса көңіл бөлетіндігі және денсаулық саласының назардан тыс қалмай, оқу тәрбие жұмысымен қатарласа денсаулық пен тамақтану мәселесі де өз дәрежесінде болу керектігін айтты. Жарыссөзге тәрбиеші К.Алимова шығып мәселені көтерді. Жоғарыда айтылып өткендей бақшамызға келуші тәрбиленушілер тұмау болып ауырып жатқандығына байланысты және де күннің суытуына байланысты үйде отырған ата-аналар балаларын тұмаудан айыққан соң бақшаға әкелетінін айтты.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

З.Мырзаева

«Саяжан» бөбекжай-балабақшасы
мемлекттік коммуналдық
қазналық кәсіпорны
пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

20.02.2020ж

Хаттама № 3

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра Пазылхановна
2. Ждумадиллаева Гулжамал
3. Алимова Камила Улхожаевна
4. Аппазова Камила Турдыходжаевна
5. Жадигерова Сауле Каримовна
6. Асилханова Ұлжан Турсынхановна

Қаралатын мәселелер:

Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы.

- 1.Жарты жылдықтың қорытындысын жүргізу.
- 2.Балалардың балабақшаға келу көрсеткіші
- 3.Жылдық міндеттерге байланысты тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіші.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алды. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы жайлы айтып өтті.Отбасымен балабақша бірігіп балалардың дамуына жұмысы жайлы ата-аналармен мінезгер З.Мырзаева «Толағай» отбасылық сайысы, «Үш жастағы баланың тілдік дамуы» психологиялық кеңес берілді. Ата-аналар мінезгерге көкейтесті психологиялық сұрақтарын қойып қонымды жауаптар алып мінезгерге алғыстар айтып тарасты.

Жарссөзге әдіскер З.Мырзаева бірінші жарты жылдықтың қорытындысы тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіші бола білетін бестік индикатордан бастады. Бұл көрсеткіш бойынша балалардың тест қорытындысы әлі де болса жетілдіре түсу керектігін баса айтты. Біздің бақшамызға келіп жүрген тәрбиленушілердің жас көрсеткіштері 1,5-3 жас аралығындағылар басымдығы осы мәселенің бірден-бір себебі екенін ұмытпау керктігін де ашып айтты. Алдағы уақыттағы жоспарларға да біраз тоқталып, бала тәрбиесіне және оқуына алдағы уақыттарда баса көңіл бөлетіндігі және денсаулық саласының назардан тыс қалмай, оқу тәрбие жұмысымен қатарласа денсаулық пен тамақтану мәселесі де өз дәрежесінде болу керектігін айтты. Жарыссөзге тәрбиеші А.Ораз шығып мәселені көтерді. Жоғарыда айтылып өткендей бақшамызға келуші тәрбиленушілер тұмау болып ауырып жатқандығына байланысты және де күннің суытуына байланысты үйде отырған ата-аналар балаларын тұмаудан айыққан соң бақшаға әкелетінін айтты.

Үшінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева сөз алып

I жарты жылдықта тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіштерімен таныстырып өтті.Балалардың оқу-білім көрсеткіштерінің нәтижесімен таныстырылды.Жалпы I жарты жылдықта тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіштері жақсы дәрежеде екенін айтып өтті.

Қаулы етеді:

1.Тәрбиленушілердің балабақшаға келуін қадағалау тәрбиешілерге жүктелсін.

2.Ұйымдастырлған ашық оқу-әрекетті қадағалау өзіме жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева





«Саяжан» бөбекжай-балабақшасы

мемлекеттік коммуналдық

қазналық кәсіпорны

пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

26.05.2020ж

Хаттама № 4

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зүхра
2. Исламбекова Тәттіқыз
3. Аппазова Камила
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна

• Қаралатын мәселелер:

1. 2019-2020 оқу жылына қорытынды.
2. Жазғы сауықтыру мерзімінің жоспарын бекіту.
3. Денсаулық шаралары жоспарын бекіту.
4. Жаңа оқу жылына дайындық жоспарын талқылау.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып, бір жылға қорытынды жасады. Балабақшада екі топ жұмыс істейді. «Балапан» және «Балауса» топтары онда 50 бала болды. Бақшаның алға қойған міндеттері балаларды мектепке жақсы оқуға дайындау. 2019-2020 оқу жылында балабақша стандарт бойынша жұмыс жасады. Балабақшада мерекелік ертеңгілік ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті медбикенің денсаулық күніне орай өткен ойын сауықтырулары да өз дәрежесінде өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер З.Мырзаева сөз алып 2020 жылғы жазғы сауықтыру мерзімінің жоспарымен таныстырды. Тәрбиешілер бір-біріне жазғы сауықтыру жоспары бойынша ұсыныстар айтты. Тәрбиешілерге маусым, шілде,

тамыз айларында болатын іс-шараның тақырыптарымен таныстырды. Тәрбиешілерге ауа, күн, су ванналарымен жұмыс істеу қатаң еркерлітіп, күн тәртібімен жұмыс істеуді талап етті.

Үшінші мәселе бойынша медбике А.Сарсенбаева сөз алып, қазіргі мектепке дейінгі тәрбие ошақтарының негізгі міндеті- дені сау азамат пен азаматшаларды тәрбиелеу өркенниетке қадам басқан қабілетті елу елдің қатарына қосылуды мақсат еткен мемлекетімізде ірі өнеркәсіп түрлі шаруашылық шаралары дамытумен қатар халықтың әлеуметтік рухани ахуалымен жақсарту еліміздің болашағы –жас ұрпақтың денсаулығына аса назар аударып отыр.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер ~~С.Мадиева~~ жаңа оқу жылына дайынды тексерудің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Топ тәрбиешілеріне жаңа оқу жылына дейін топтарды безендіруге, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнына сай жазуын айтып өтті. Жаңа оқу жылына топтардың көрнекіліктерін одан рәі қарай дамыту, күн тәртібіне қатаң сақтау ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерді мазмұнынан жоғары дәрежеде өткізу.

Қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру шарасының жоспарын бекіту меңгеруші Н.Акбердиеваға жүктелсін.
2. Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы әдіскер З.Мырзаеваға жүктелсін.
3. Жазғы күні балаларды күн көзімен, құмның үстінен жүріп, тастың үстінен жүру шынықтыру денсаулықтарына көңіл бөлу медбике А.Сарсенбаева тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



«Саяжан» бөбекжай-балабақшасы
мемлекттік коммуналдық
қазналық кәсіпорнында
пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

28.08.2020ж

Хаттама № 1

Қатысқандар:

- 1.Мырзаева Зухра
- 2.Исламбекова Тәттіқыз
3. Жадигерова Сауле Каримовна
4. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна
5. Алимова Камила
6. Аппазова Камила

Қаралатын мәселелер:

1.2020-2021 оқу жылының жоспарын талқылып бекіту.

Сабақ кестесін бекіту

2.Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы бойынша талқылау)

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп отырған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайтындығын айтты. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де еліміздің әл ауқаты үшін өмірлік маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланыста екендігі және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере айтты.

Жарыссөзге тәрбиеші Т.Исламбекова тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығы тексердің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Екі топ яғни «Балапан» және «Балауса» топтарының тәрбиешілері өз топтарын жаңа оқу жылына сай сай безендіріп өздеренің ұйымдастырылған оқу іс –әрекеттерін мазмұнына сай алғашқы аптаға көрнекіліктерін дайындаған .Меңгеруші тарапынан топты әрі қарай дамыту, күн тәртібін қатаң сақтау, ұйымдастырылатын іс-әрекет мазмұнын жоғары дәрежеде өткізу.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші Ұ.Асилханова сөз алып жазғы сауықтыру кезеңінің өтілуі туралы сипаттама беріп өтті. Жазғы сауықтыру 1 маусымнан бастап 31- тамызға дейінгі мерзімді қамтыды. Осы мерзімде екі топ балалары да күн режиміне қоса ауа, күн, су ванналарын қабылдады. Ауа ваннасында көлеңкеде отырып ертегі оқу, күн ваннасында балалар жалаң аяқ, бастарында панамаларымен топырақта ойнату, су ваннасында осы екі процедуранан соң душ қабылдап бұл процедуралар толық қабылдады.

Жарыссөзге «Балауса» тобының тәрбиешісі Жадигерова Сауле шықты. Тәтті ұйқыдан соң сауықтыру шаралары да бір күн тұз қосылған сумен, екінші күні иод 3 тамшысы қосылған сумен ауыз шаюды бүлдіршіндер медбикенің қадағалаумен жүргізді. Бұл

жағдайлардың денсаулығына едәуір әсер ететіндігі де байқалды. Жалпы жазғы сауықтыруды тәрбиеленушілердің арасында спорттық өткізілді. Жалпы жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарға сай жүргізілді.

Педагогтар пед.кеңесті қорытындылай келе алға қойған мақсаттарға жету жолында аянбай еңбек ету керектігі айтылды.

Қаулы етеді:

1. 2020-2021 оқу жылының жоспарын, сабақ кестесін 01 қыркүйекке дейін бекіту меңгеруші Н.Акбердиева жүктелсін.
2. Жаңа оқу жылына дайындық

Жаңа оқу жылына дайындығы (тексерудің анықтамасы бойынша талқылау)

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

С.Жадигерова

«Саяжан» бөбекжай балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық
қазналық кәсіпорнында
пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

09.11.2020ж

Хаттама № 2

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра Пазылхановна
2. Алимова Камила Улхожаевна
3. Аппазова Камила Турдыхожаевна
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Турсынхановна
6. Исламбекова Тәттіқыз Алмасханқызы

Қаралатын мәселелер:

- Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
1. Бейнелеу өнері бойынша мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерінің деңгейі.
 2. Оқу-тәрбие үдерісіндегі тілдік-танымдық мінездемесіндегі дидактикалық ойындар
 3. Практикалық тапсырма: «Шебер қолдар»

Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Ақбердиева сөз алып, балалардың бейнелеу іс-әрекетін тиімді жолдарын талқылады. Халқымыздың жалпы мәдени деңгейін жоғары сатыға көтерудің және балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың бірден –бір жолы көркем өнер болып табылады. Эстетикалық тәрбиеде көркем өнерге ерекше орын береді. Ол толғаныта және қуанта отырып, балалар алдында өмір құбылыстарының мәнін ашады, оларды қоршаған дүниеге үңіле қарауға мәжбүр етеді. Әсемдіктің әсер ықпалын бастан кешіруге, жақсылықты үйренуге, жамандықтан жиренуге тәрбиелейді. Баланың көркемдік дамуы ойдағыдай болу үшін тәрбиеші оның жасына сәйкес, іс-әрекеттерінің түрін дұрыс пайдалана білу қажет. Көркемдік тәрбие әдістемесінің негізіне бала мен педагогтың көркем құндылықты қабылдауда, өнімді іс-әрекетке деген шығармашылық қабілеттері әлеуметтік, табиғи, заттық ортаға деген саналы қарым-қатынастарды дамыту жөніндегі бірлескен іс-әрекет жатады.

Көркемдік тәрбие жөніндегі жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру үшін балалардың жас ерекшеліктеріне сай бейнелеу іс-әрекетін үйретудің әдістемелік және жалпы міндеттерді белгілеп нақтылы қойылатын талаптарды анықтап алу қажет. Бұл көркемдік тәрбие құралдары мен әдістерін іріктеуге кездейсоқтыққа, жүйесіздікке, бір жақтылыққа ұшырамауға мүмкіндік береді. Тәрбиешілерге бейнелеу өнеріне байланысты жұмыстарды жоспарлауға, материалды белгілі бір ізге түсіруге, оның түпкі мақсатына жетіп, нәтижесін көруге көмектеседі.

Қазіргі заман талабына сай балабақшалардығы тәрбиелеу мен білім беру жаңарып отырады.

Бейнелеу іс-әрекеті эстетикалық ықпал ету құрлымдарының бірі болып отыр.

Балабақшадағы тәрбиенің ең маңыздысы еңбек. Еңбекпен тәрбиелеу арқылы баланың әдет дағдысын және ынталылығы, байқампаздығы, айналамен қоршаған өмірге қызығушылығы дамиды, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады. Қарапайым еңбек түрі барлық топтарда қалыптасады. Қол өнер еңбек балабақшаның еңбек балабақшаның ересектер тобында жүзеге асады. Балалар өздеріне қажетті ойын атрибуттарын әр түрлі машиналар, үйлер, қайықтар жиһаздар т.б бұйымдар жасайды.

тәрбиеші Т.Исламбекова мектепке дейінгі балалардың бақшадағы еңбегінің негізі үш формада: топтық, кезекшілік, ұжымдық еңбек іс-әрекеті барысында ұйымдастырылады. Мысалы: мектепке даярлық тобындағы балалар ағашпен, матамен, түрлі сымдармен, әр түрлі жұқа қаңылтыр жылтыр, түрлі-түсті- қағазбен жұмыс істейді.

Бұл еңбек түрінде балалардың еңбек құралдарын дұрыс пайдалана отырып, жұмыс жасауға керек сызықтарды келтіре отырып тіге білуге үйрету.

Орындалатын жұмыстарын сүйсіне, ынтамен, құлшына істеуге үйрету жұмыстың түрін дұрыс, әдемі жасауға жаттықтыру. Жасайтын жұмыстарын жаңашыл қарауға қадағалау мақсатын көздейді.

Түрлі-түсті жіптермен жұмыс істеу балалар үшін сиқырлы жұмбақтың шешімін тапқандай болды. Жіптің ашық бояуларымен бейнелеудің үйлесін тауып, дәл орналасқанын балалар таңдайды.

1. Оқу-тәрбие үдерісіндегі тілдік-танымдық мінездемесіндегі дидактикалық ойындар
2. Балабақша әдіскері С.Жадигерова сөз алып ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді тіктеген кезеңде қолға алар ісіміздің бірі де, бірегейі де ұрпақ тәрбиесі. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан тілі мен мәдениетіне мойын ұрып, ұрпағымызға төл тәрбие, ұлттық тағылым беру бүгінгі күннің басты ісі. Бүгінгі балабақшаларындағы оқу -тәрбие жұмысының сапасын қазіргі кезеңге сай қалай жақсарту керек дегенде, ең бастысы сабақ формаларымен оның құрылымын жетілдіру, оқытудың жаңа әдіс тәсілдерін жетілдіру.
3. Халық даналығында былай деп айтылған: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте». Біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев әр азаматқа өз тілінде сөйлеуге, салт – дәстүрін сақтауға мүмкіндік береді. Сондықтан біздің республикамызда тұратын әр халықтың мемлекеттік тілді үйренуге ынтасы зор. «2050 бағдарламасына» сәйкес әр қазақстандықтар мемлекеттік тілде сөйлеуге міндетті. Кез келген халықтың ұлттық қазынасы тіл болып табылады. Әрбір халықтың тілінде оның ұлттық дәстүрінің, сана-сезімінің, ойлау тәсілінің, мінез- құлқы белгілері көрініс табады. Ал тілді, тіл мәдениетін игеру баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін үрдіс. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі

тиіс. Балабақшада қазақ тілін оқытудың қай түрін алсақ та, ол оқыту, үйрету үрдісінің бүкіл жүйесін қамтиды. Өз жұмысымда балабақша ұжымының алдына қойған мақсатымен ұштастырамын. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Ең басты мақсатым: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде, балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып

- балалардың сөздік қорларын дамытамыз;
- жаңа сөздерді меңгертеміз;
- үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отырамыз.

Осы аталған міндеттерді мұғалім үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Сонымен қатар қазақ тіліне үйреткенде балалардың жас ерекшелігін ескеру әдіс-тәсілдерді таңдаумен сай келеді, сабақ өткізгенде бірінші орынға ойын және ойын түрлері қойылады. Тіл үйренуде ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Сөздік қорды дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті. Сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану. Сол әдістердің бірі:

Түсіндіру әдісі - жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданады. Сабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады.

Көрнекілік әдісі – Сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылады. Балаларға түрлі суреттер мен заттарды, ойыншықтарды көрсету арқылы сөздерді үйретуге болады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық жағынан жақсы, әртүрлі түстен болуы керек.

Ы. Алтынсарин «Натуральды әдіс» туралы былай деген: «Балаға айтып түсіндіргеннен гөрі, қолымен ұстап, көзімен көріп, мұрнымен иіскеп түсіндірген сабақ ұғымды» деген. Жемістер-көкөністер тақырыптарын қозғаса, баланы осы тақырыптарға сай қазақ тілінде сөйлетіп үйрету оқыту үрдісін әлдеқайда жеңілдетеді. Мысалы бала ата-анасымен дүкенге барады, азық-түліктерді сатып алады, соның ішінде жемістер мен көкөністерде бар, сол туралы орысша әңгімелеп береді. Ал мұғалім орыс тілінде айтып берген әңгімесін қазақ тілінде айтып беруді сұрайды: Бала дүкеннен сатып алған жемістердің, көкөністердің атауын қазақ тілінде еске түсіріп атап шығады. Тіл үйретуде ең басты міндет - балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Балалар тілдің грамматикасын білу арқылы бір - бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Диалогтың және монологтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметтері бір арнаға тоғысып жатады баланың танымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді. Диалог пен монологтардың тіл үйренуші үшін маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Диалог пен монологтарды сурет бойынша, техникалық құралдар және ойын элементтері арқылы құрастыруға болады. Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен немесе қалыппен іске асырылады:

Жұптық.

Топтық.

Ұжымдық.

Жұптық оқыту. Жұптық оқыту қалпында тілдік қатынас екі баланың арасында жүреді. Онда негізгі мақсат - екі баланың өзара тілдесу ерекшеліктеріне, тілді білу дәрежесіне т.б. сүйене отырып іске асырылады. Мұнда балалар екі- екіден жұпқа бөлініп, әр жұп жеке тапсырмалар бойынша жұмыс істейді де, олардың сыңарлары бір-бірімен отырады. Жұптық қалыппен тілді үйретудің ерекшелігі: ол диалог арқылы жүзеге асады да, тілдік қарым-қатынастың ауызша түрін дамытуға себін тигізеді. Бұл қалып бойынша бүкіл тілдік материал диалогтың негізінде меңгеріледі.

Топтық оқыту. Балаларды топтарға бөліп сабақ өткізу балалар арасындағы қарым- қатынасты жақсартады, дұрыс сөйлей білуге жағдай жасайды, балалардың білімін жетілдіреді, әр түрлі мінез-құлықтағы адамдармен пікір алмасуға үйретеді, топтар арасында

бала өзінің жеке - дара қасиетін көрсетуге мүмкіндік алады. Ұжымдық оқыту. Тіл үйренудің ұжымдық формасы дегеніміз- үйренушінің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұхбаттасы арқылы олардың екеуінің бір-бірін үйретуі, оқытуы, адамдардың бірінен- екеуінің үйренуі ; пікір алмасуы және әр жұп сыңарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел қамтылып әрі жұптық; әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы. Сабақта балалардың коммуникативтік сөйлеуі, тіл дамытуы көрнекілік әдісі, ойын әдістер арқылы іске асады.

Сөздік жұмыстарын өткізбей тұрып, жалпы символдардан бейнелерді меңгерту керек, мұнда мнемокесте үлкен роль атқарады.

Мәселе:

- Орыс тілді балалардың қазақ тілінде сөздік қоры аз болуында
- Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айта алмауы
- Қойған сұрақты түсінбеу, қазақша дұрыс жауап бере алмауы
- үйренген сөздерді пайдаланып сөйлемді дұрыс құрастыра алмауы
- Жай, жайылма сөйлемдерді құрастырыра алмауы
- Байланыстырып сөйлеуге, (4-5 сөйлемдік) әңгіме құрастыра алмауды

- Қазақ ертегілерін, тақтақтарды, жұмбақтарды, жаңылтпаштарды тыңдап түсінуге, жаттап алмауы
 - Өз ойыншықтары, отбасы, киімдері т.б. туралы бір- біріне сұрақ қойып, жауап беруге білмеуі
- Мнемокесте – есте сақтау қабілетін жеңілдететін және қосымша ассоциацияларды құраумен есте сақтау көлемін кеңейтетін әр түрлі тәсілдердің жүйесі.

Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

1. Кестені қарастыру және бейнеленген суреттерді талқылау
2. Жалпы символдардан бейнелерді жаңғырту, мысалы: Үй – шатыр, қоян – ұзын құлақтар т.б
3. Қайта кодтаудан кейін құрастырған символдар бейнелер бойыша әңгімені, ертегіні, тақтақтарды мазмұндап бер. Мнемокесте мынадай бағыттар үшін қолданылады:
 1. Сөздік қорларын байыту
 2. Сөздің дыбыстық жағын дұрыс айтуға үйрету
 3. -Сөйлем, әңгіме құрастыру
 4. Әңгімені құрастыру

5. Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу
6. Тақпақтарды жаттау

Мнемокестелерді баланың деңгейіне байланысты беріге болады. Мнемокестеде символдарды бейнеге аударамыз. Сонда балаға қонымды болады.

Балалардың ақыл-ойына, қабілеттерінің дамуына жетудің бірден – бір жолы – өзара тілдік қарым-қатынас. Әр баланың табиғи қабілетін ескере отырып, балаға көмекші әрі сүйемелдеуші болып, әрдайым жанында достық қарым-қатынаста болсақ, оқыту мазмұнын жаңғыртуға, әрі тиімді әдіс-тәсілдерді кеңірек қолдануға еркін жол ашады. Мектепке дейінгі балаларға қазақ тілді үйретудің басты шарттары топта жағымды психологиялық климат, мейірімді орта, қазақ тілінде тілдесудің қуану сияқты факторлар өз себін тигізеді. Қазақ тілін үйретуде балалардың қорларын байыту, молайту, сөздіктерінің белсенділігін арттыру, күнделікті өмірде қолдана білуіне бағыт беру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтырып, тіл мәдениетін жетілдіру, сөйлем құрап, сөйлесу тәжірибесін ұдайы ұйымдастыру – балалардың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін арттырып, мемлекеттік тілдің мәртебесін ұғынып, тілінің жетілуіне ұстаздық әсер көрсетудің маңызы зор. Тіл тағдырына терең қарап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерге қазақ тілін үйретудегі талап, міндеттер балабақшамызда жақсы іске асырылуда.

Жоғарыда айтып кеткен топтық, жұптық, ұжымдық оқытуларда мнемокестелерді тақырыпқа байланысты өткізуге болады. Мысалы: жұптық оқытуда, балаларға жеке символдармен бейнеленген кестелерді беріп, балалар сол кестені пайдалана отырып диалог түрінде сөйлесе алады. Ал негізі монологтарды ең алғашқысында ұжымдық оқытуда пайдаланып, содан соң жеке – дара сол тақырыпта әңгіме жүргізе алады. Осы ең тиімдісі деп ойлаймын. Балалардың ойын дамытуда тағы бір әдістің түрі бұл - үстел үстіндегі мнемокестені ұйымдастыру. Адам мәдениеті ойын арқылы дамиды, демек балалық шақтан бастап, қартайған кезге дейін адамды ойын жетелеп отырады. Үстел үсті мнемокесте басқа кестелерден ерекшелігі бала бұл кестені қолмен ұстап, көбен көреді, жан – жақты таниды. Балаға өзі білген сөздерден және де өткен сабақтардан меңгерген сөздермен кесте бойынша сөз тіркестерін, сөйлемді құрастыруға қызықты. Олар мұны шын көңілдермен орындайды. Мысалы : « Отбасы »

тақырыбын өткен кезде ата, ана, әже, әке сөздерін меңгеретін болсақ, өткен сабақта білетін, әдемі, таза сөздері тағы бар, осыдан бала « әдемі ана » деген сөз тіркесін лезде орындай алады, ал келесі сабақта басқа тақырыпты өткенде, мысалы : « Тағамды» алатын болсақ , « анада нан бар » тағы сол сияқты сөз тіркестерін құрай алады. Осы аталған әдіс-тәсілдердің барлығын айналып келгенде бүлдіршіндерге ойын түрінде жеткіземіз. Ойын ең басты элемент болып саналады.

Дидактикалық ойындар - баланың ынтасын сабаққа аударуға, көңіл қойғызуға, қабылдауын жеңілдетуге, білімді толық игеруге көмектеседі, сабаққа эмоциялық бояу береді. «Ойын – күнделікті бала еңбегі, болашақ өмірінің бастамасы. Ойын үстінде баланың ертеңгі өмірге деген қабілеті байқалады» К. А. Покровский «Ойын – ұшқын, білімге құштарлық пен еліктеудің маздап жанған оты.» (В.М.Сухомлинский

Дидактикалық ойынның түрі : заттық дидактикалық ойын – бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдармен ұйымдастырылады.

Ойын: «Сөз ойла»,Мақсаты: өткен сабақта сөздерді қайталау, бекіту.Шарты: текшедегі суреттер арқылы сөз тіркестерін құрастыру.

Ойын : «Сөйлейтін моншақтар» Мақсаты. Берілген тақыры бойынша қасиеттеріне қарай ажырата білу. Шарты: Суреттерден моншақ жасау (жіпке тереді) «Ойнайық та, ойлайық, ойлайық та сөйлейік » Ойынның барысы: шеңбердегі суреттерді таңдау арқылы сөйлем құрастырып, байланыстырып сөйлеу.

Дидактикалық ойын: «жыл мезгілдері» Мақсаты: есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.

Ойын шарты: тақырыпқа сай түрлі-түсті суреттерді қиып жапсыру.

Дидактикалық ойын: «Әңгімелеп бер»Тақырыпқа байланысты байланыстырып сөйлеуді дамыту.Ойын шарты: балаларға тірек сызбалар таратылып беріледі. Олар тақырыпқа сай байланыстырып сөйлем құрастыру қажет.

Сонымен қатар қазақ тілін үйретуде әдебиет жанырларын қолдана отырып балалардың тілдерін дамытуға болады. «Көркем сөзі бар болғырдың өзің орақпен орып күрекпен орып ала алмайсың: оны бір – бірлеп тересің, бір – бірлеп тізесің!» (Ғ. Мүсірепов)

Ұсынылатын ойын түрлері:

- «Көршімді іздеймін.»
- «Адасқан сөздерді орнына қою»
- «Берілген сөздер бойынша мақал құрастыру»
- «Ребусты шешу»

Мысалы, мақал құрастыруға берілетін сөздер ата, ағаш, бала, жапырақ. Мақал: «Ата – ағаш, бала – жапырақ.», «Бала тілі - бал». Балаларға мақалдардың мағынасын түсіндіру. Сабағымда әр тақырыптарға байланысты сызба-схемаларды қолданамын.

Сол сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез үйренеді. Мұғалім өз балаларының қабылдау қабілетін, жас шамасын ескере отырып, сызбаны өзі жасап алуына да болады. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады деп сенімдімін.

1.Қазақ тілі сабағында қолданылған аудиокітаптар балалардың қызығушылығын арттырады, зейін тыңдауға, қазақ тіліндегі тән дыбыстарды айтуға қалыптастырады.

2. «Сөйлетін кітаптар» арқылы кітап бетіндегі сабаққа қажетті сөздерді, шағын сөйлемдерді қайталап айту, сұраққа дұрыс жауап беруге баулиды.

3.Үнтаспаны пайдалану арқылы аңдардың, құстардың, табиғат құбылыстарын т.б. дыбыстарды ажырата білуге мүмкіндік бар.

4. «Музыка немесе дыбыстармен жұмыс» мәзірінен арнайы әуендерді ойнату арқылы сабақты түрлендіруге, балаларды түрлі байқауларға дайындауда көп көмегін тигізеді.

Осыдан шығатын нәтиже :

- әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады.
- Баланың жеке қабілеті анықталады.
- Балалар бір – бірлерінен қалмауға тырысады.

4. Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.

Әдіскер З.Мырзаева күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты жүргізу жайлы айтып өтті.Күн тәртібінің сақталуын қатаң айтып өтті.Біздің бақшамызға келіп жүрген тәрбиленушілердің жас көрсеткіштері 1,5-3 жас аралығындағылар басымдығы осы мәселенің бірден-бір себебі екенін ұмытпау керктігін де ашып айтты. Алдағы уақыттағы жоспарларға да біраз тоқталып, бала тәрбиесіне және оқуына

алдағы уақыттарда баса көңіл бөлетіндігі және денсаулық саласының назардан тыс қалмай, оқу тәрбие жұмысымен қатарласа денсаулық пен тамақтану мәселесі де өз дәрежесінде болу керектігін айтты. Жарыссөзге тәрбиеші К.Алимова шығып мәселені көтерді. Жоғарыда айтылып өткендей бақшамызға келуші тәрбиленушілер тұмау болып ауырып жатқандығына байланысты және де күннің суытуына байланысты үйде отырған ата-аналар балаларын тұмаудан айыққан соң бақшаға әкелетінін айтты.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

С.Жадигерова

«Саяжан» бөбекжай -балабақшасы

мемлекттік коммуналдық

қазналық кәсіпорнында

пед кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

06.01.2021ж

Хаттама № 3

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра
2. Алимова Камила
3. Исламбекова Тәттіқыз
4. Жадигерова Сауле Каримовна
5. Асилханова Ұлжан Тұрсынхановна
6. Аппазова Камила

Қаралатын мәселелер:

- 1.Ертеңгіліктер іс –шарасын бекіту.
- 2.Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау.
3. Бірінші тоқсандағы күнтізбелік жоспарларды тексерудің нәтижесі.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер С.Жадигерова сөз алып мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп отырған әлемде табысты бейнелеуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайтындығын айтты. Уақытында алынған мектепке дейінгі білімнің әр бала үшін де еліміздің әл ауқаты үшін өмірлік маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту ұлттық даму стратегиясымен үздіксіз байланыста екендігі және де мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып табылатындығын ескере айтты. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мақсатында ертеңгіліктер іс –шарасымен тәрбиленушілерді дамыта білуіміз керек екенін айтты.

Балабақша медбике А.Сарсенбаева балалар өмірі мен денсаулығын сақтау жөнінде «денсаулығы сәбидің, қуанышы әр үйдің» -деп халық бекер айтпаған. Әр ата-ананың күнделікті өмірінде оның сәбиі, сәбидің денсаулығы ең маңызды орын алатыны баршамызға мәлім. Сәби 2 жаста толар-толмастан, ата-анасы оны балабақшаға беріп, қоғамдық тәрбие, ұжымға үйреншікті, ой-өрісі өсіп, кеңейіп, денсаулығы нығайсын деген үміт артады. Міне, сәби мектепке дейінгі мекемеге келген сәттен бастап, өмірінің әр сәті оның денсаулығының нығайюуына, шынығуына бағыт алуы керек.

Себебі балабақшаның ең басты міндеттерінің бірі – бала өмірін қорғау. Денсаулығын сақтау, нығайту мен жан-жақты дамуына қамқорлық жасау, оның табиғи қимыл қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Әрине, баланың денсаулығын сақтау, нығайтуда салаутты өмір салты, дұрыс тамақтану, т.б факторлар орын алды. Дегенмен адамның денсаулығының, өмірінің ең басты –жүректің соғуы, дем алуы, ағзаның иммундық жүйе қалпы ерекше.

Егер иммундық жүйесі дұрыс қалыптаспаса кез келген вирусқа төтеп бере алуы мүмкін бе? Олай болса, мектепке дейінгі мекемедегі дене тәрбиесінің мақсаты, міндеті баланың жүрегінің соғуы, тыныс алуы, ағзаның иммундық жүйесін дамытуы және жетілдіруі! Оларды дамытудың, жетілдірудің негізгі амалы – қимыл- қозғалыс

Үшінші мәселе бойынша әдіскер С.Жадигерова сөз алып

I тоқсандағы тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіштерімен таныстырып өтті. Балалардың оқу-білім көрсеткіштерінің нәтижесімен таныстырылды. Жалпы I тоқсандағы тәрбиленушілердің оқу-білім көрсеткіштері жақсы дәрежеде екенін айтып өтті.

Қаулы етті:

1. Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын қадағалауды медбике А.Сарсенбаева жүктелсін.

2. Бірінші тоқсандағы күнтізбелік жоспарларды тексеруді әдіскер С.Жадигероваға жүктелсін.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

С.Жадигерова

«Саяжан» бөбекжай-балабақшасы

мемлектік коммуналдық

қазналық кәсіпорны

пед.кеңес өтті

Қожатоғай ауылы

26.05.2021ж

Хаттама № 4

Қатысқандар:

1. Мырзаева Зухра
2. Исламбекова Тәттіқыз
3. Алимова Камила
4. Аппазова Камила
5. Жадигерова Сауле Каримовна
6. Асилханова Ұлжан Турсынхановна

Қаралатын мәселелер:

1. 2020-2021оқу жылына қорытынды.
2. Жазғы сауықтыру мерзімінің жоспарын бекіту.
3. Денсаулық шаралары жоспарын бекіту.
4. Жаңа оқу жылына дайындық жоспарын талқылау.

Бірінші мәселе бойынша меңгеруші Н.Акбердиева сөз алып, бір жылға қорытынды жасады. Балабақшада екі топ жұмыс істейді. «Балапан» және «Балауса» топтары онда 50 бала болды. Бақшаның алға қойған міндеттері балаларды мектепке жақсы оқуға дайындау. 2020-2021 оқу жылында балабақша стандарт бойынша жұмыс жасады. Балабақшада мерекелік ертеңгілік ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті медбикенің денсаулық күніне орай өткен ойын сауықтырулары да өз дәрежесінде өтті.

Екінші мәселе бойынша әдіскер С.Жадигерова сөз алып 2021жылғы жазғы сауықтыру мерзімінің жоспарымен таныстырды. Тәрбиешілер бір-біріне жазғы

сауықтыру жоспары бойынша ұсыныстар айтты. Тәрбиешілерге маусым, шілде, тамыз айларында болатын іс-шараның тақырыптарымен таныстырды. Тәрбиешілерге ауа, күн, су ванналарымен жұмыс істеу қатаң еркелітіп, күн тәртібімен жұмыс істеуді талап етті.

Үшінші мәселе бойынша медбике А.Сарсенбаева сөз алып, қазіргі мектепке дейінгі тәрбие ошақтарының негізгі міндеті- дені сау азамат пен азаматшаларды тәрбиелеу өркеніетке қадам басқан қабілетті елу елдің қатарына қосылуды мақсат еткен мемлекетімізде ірі өнеркәсіп түрлі шаруашылық шаралары дамытумен қатар халықтың әлеуметтік рухани ахуалымен жақсарту еліміздің болашағы –жас ұрпақтың денсаулығына аса назар аударып отыр.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер С.Жадигерова жаңа оқу жылына дайынды тексерудің анықтамасы бойынша талқылау жасады. Топ тәрбиешілеріне жаңа оқу жылына дейін топтарды безендіруге, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің мазмұнына сай жазуын айтып өтті. Жаңа оқу жылына топтардың көрнекіліктерін одан рәі қарай дамыту, күн тәртібіне қатаң сақтау ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерді мазмұнынан жоғары дәрежеде өткізу.

Қаулы етеді:

1. Жазғы сауықтыру шарасының жоспарын бекіту меңгеруші Н.Акбердиеваға жүктелсін.
2. Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы әдіскер С.Жадигерова жүктелсін.
3. Жазғы күні балаларды күн көзімен, құмның үстінен жүріп, тастың үстінен жүру шынықтыру денсаулықтарына көңіл бөлу медбике А.Сарсенбаева тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

С.Жадигерова

Қатысқаны: 7
Қатыспағаны: 0

27.08.2021 жыл

Тақырыбы: Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарының негізгі бағыттарымен таныстыру, мақсаты мен міндеттерін айқындау.
2. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай ұйымдастырылған оқу қызметі кестелері мен күн тәртібін бекіту.
3. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің №615 17.08.2017ж «Білім беру мектепке дейінгі ұйымдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережелерімен таныстыру.
4. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты топтарды жасақтау.
5. Жазғы –сауықтыру кезеңіндегі жүргізілген жұмыстарды талдау қорытындысы.
6. Арнайы балабақша шартарында ата-аналармен бірлесу моделі құру
7. Ағымдағы мәселелер.

Балабақша меңгерушісі Н.Акбердиева кеңесті №1 педагогикалық ашық деп жариялады.
Балабақша әдіскері Т.Исламбекова 2021-2022 оқу жылындағы жұмыстардың жылдық есебін берді.

Бес білім беру саласы бойынша балалардың негізгі құзыреттілігін қамтамасыз ету, мониторинг қорытындысын топ тәрбиешілері айтып өтті.

Жалпы ата-аналар жиналысы өз уақытында жоспарға сай жүргізілді.

Балабақша психологы Т.Исламбекова Ата-аналардың оқу қызметіне көзқарасы-жайлы баяндама оқыды.

Шаруа меңгерушісі А. Мейрбекова Аумақты абаттандыру және аумақты көгалдандыру іс-шаралар бойынша сенбілік ұйымдастырып отырды.

Балабақша меңгерушісі Н. Акбердиева Жазғы шынықтыру,сауықтыру жоспарын бекітіп,топ тәрбиешілеріне осы жоспар бойынша жұмыс жасайтындарын айтып өтті.

Жасаған жұмыстарына,ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне жоғары баға берді.

Қаулы етеді

Балабақша меңгерушісі Н.Акбердиева жылдық жоспарының орындалуы жайлы талдау жұмысы әдіскер Т.Исламбекова жүктелсін.

Комитет төрайымы:

Хатшы:



Н.Акбердиева

С.Жадигерова

№2 Педагогикалық кеңес

Қатысқаны: 7
Қатыспағаны: 0

12 қараша 2021 жыл

Тақырыбы: «Шығармашылық» білім беру саласы

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік-эмоционалдық саласы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялын дамыту

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

№1 педагогикалық кеңестің орындалуының есебі.

- 1.1. «Балалардың денсаулығын нығайту және сақтау жолдары» кеңес
- 1.2. Басшылық және бақылау: құжаттарды сапалы түрде жүргізу
- 1.3. Кеңес беру: «Қысқы демалысты қалай өткізуге болады»
- 1.4. «Таным» білім беру саласы апталықтың қорытындысы
- 1.5. «Балалардың балабақшаға бейімделуі» Топ тәрбиешілер үшін кеңес
- 1.6. «Коммуникация» білім беру саласы апталықтың қорытындысы
- 1.7. Жаңа жылдық мерекелерін ұйымдастыру
- 1.8. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегі балабақша меңгерушісі Н.Ақбердиева кеңесті №2 педагогикалық ашық деп жариялады.

Балабақша медбикесі Ә. Сәрсенбаева «Балалардың денсаулығын нығайту және сақтау жолдары» жайлы кеңес беріп өтті.

Басшылық және бақылау құжаттарды сапалы түрде жүргізу жұмыстарын әдіскер Т.Исламбекова баяндады.

Балабақша психологы Т.Исламбекова баяндама «Қысқы демалысты қалай өткізуге болады» тәрбиешілерге кеңес берді.

Балабақша әдіскері Т.Исламбекова «Таным» «Коммуникация» білім беру саласы бойынша апталықтың қорытындысы жайлы мәлімдеді.

Шаруа меңгерушісі: А.Мейрбекова Жаңа жыл ертеңгілігінің өткізілу барысында өрт қауіпсіздігі ережесін сақтауды қадағалау туралы сөз қозғады.

Қаулы етеді

Балабақша меңгерушісі Н.Ақбердиева басшылық және бақылау құжаттарды сапалы түрде жүргізу жұмысын әдіскер Т.Исламбекова жүктелсін.



Handwritten signature of N. Akberdieva

Н.Ақбердиева

Т.Исламбекова

№3 Педагогикалық кеңес

Қатысқаны:7

24 қаңтар 2022жыл

Қатыспағаны:0

Тақырыбы: «Мектепке дейінгілердің таным барысында тілін дамыту»

Мақсаты: Педагогтардың назарын балалардың танымдық-тілдік дамуына аудару, олардың белсенділігін, ойлау және талдай білу қабілеттерін арттыру. Шығармашылық ізденіске талпындару

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

№2 педагогикалық кеңестің орындалуының есебі.

- 1.1. Педагогикалық ұжымның Даму және жылдық міндеттер бойынша жұмысының тиімділігіне талдау жасау.
- 1.2. «Шығармашылық» білім беру саласы апталықтың қорытындысы
- 1.3. «Әлеумет» білім беру саласы апталықтың қорытындысы
- 1.4. Ересек адамның көрсетуімен дене жаттығуларын орындауға үйрету, дене шынықтыру оқу қызметі.
- 1.5. «Балабақшада қолданатын ойын түрлері»
- 1.6. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Алғашқы сөз кезегі балабақша меңгерушісі Н. Акбердиева кеңесті №3 педагогикалық ашық деп жариялады.

Балабақша әдіскері Т. Исламбекова педагогикалық ұжымның Даму және жылдық міндеттер бойынша сөз қозғады.

Балабақша әдіскері Т. Исламбекова «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру саласы апталықтың қорытындысы және де ересек адамның көрсетуімен дене жаттығуларын орындауға үйрету, дене шынықтыру ашық оқу қызметтері жайлы қорытындылады.

Балабақша психологы Т. Исламбекова оқу қызметеріне жаңа технологияларымен қолдануға кеңес берді.

Қаулы етеді

Балабақша меңгерушісі: Д. Залучуд педагогикалық ұжымның Даму және жылдық міндеттер бойынша жұмысының тиянақты жүргізілуіне балабақша әдіскері Т. Исламбекова міндетелсін.

Комитет төрайымы:

Хатшы:



Handwritten signatures of N. Akberdieva and T. Islambekova.

Н.Акбердиева

Т. Исламбекова

№4 Педагогикалық кеңес

Қатысқаны: 7

27.05.2022 жыл

Қатыспағаны: 0

Тақырыбы: *Ойын технологиясының тәрбиелеу, оқыту және дамыту міндеттерін шешудегі маңызы.*

- 4.1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетін ұйымдастыру» кеңес
- 4.2. «Балабақшада қолданылатын ойын түрлері» кеңес
- 4.3. Екінші сәбилер және ортаңғы топтарында ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу.
- 4.4. Ата-аналардың оқу іс-әрекетіне көзқарасы-сауалнама жүргізу
- 4.5. Балалар шығармашылығынан көрме ұйымдастыру

Балабақша меңгерушісі Н. Акбердиева №3 пед кеңесте айтылған екі топта ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті болғандығын және қанағаттанарлық деген баға болғаны жайлы мәлімдеді және №4 педагогикалық кеңесті ашық деп жариялады.

Балабақша әдіскері: Т. Исламбекова Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетін ұйымдастыру жайлы кеңес беріп өтті және балабақшада қолданылатын ойын түрлерін атап оларға түсініктеме беріп өтті.

Балабақша әдіскері Т. Исламбекова екі топтада ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің қанағаттанарлық деңгейде өткендігін және балалардың сабаққа деген ынтасын жоғары бағалап алдағы күндеріне сәттілік тіледі.

Балабақша психологы Т. Исламбекова Ата-аналардың оқу іс-әрекетіне көзқарасы-жайлы сауалнама жүргізді. Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың оқу іс-әрекетіне балаларды балабақшадан бастап тәрбиелеген дұрыс деп тапқанын және балабақшаға риза екендерін жеткізді.

Қаулы етеді

Балабақша меңгерушісі Н. Акбердиева балалардың осы уақытқа дейін жасаған еңбектерінен көрме ұйымдастыруды екі топтың көрмесін қанағаттанарлық танытты.

Комитет төрайымы:

Хатшы:



Н. Акбердиева

Т. Исламбекова